



№1  
2024

# Вестник BOBEK

МЕЖДУНАРОДНЫЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



OJS  
OPEN  
JOURNAL  
SYSTEMS

[bobek\\_organization](https://www.instagram.com/bobek_organization)  
[t.me/bobek\\_science](https://t.me/bobek_science)

+7 776 181 86 88  
+7 701 475 16 38

Астана, Казахстан  
[conferences2019.kz@gmail.com](mailto:conferences2019.kz@gmail.com)



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ  
ИНСТИТУТ «БОБЕК»

ISSN 2664-2271



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ  
БИБЛИОТЕКА

eLIBRARY.RU

РИНЦ



«ВЕСТНИК БОБЕК»

№1(1). 2024

СЕРИЯ «ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ И АРХЕОЛОГИЯ»,  
«ФИЛОСОФСКИЕ НАУКИ»

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Е. Абиев, PhD (Казахстан)

Ж.Малибек, профессор (Казахстан)

Ж.Н.Калиев к.п.н. (Казахстан)

Лю Дэмин (Китай),

Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)

Чембарисов Э.И. д.г.н., профессор (Узбекистан)

Салимова Б.Д. к.т.н., доцент (Узбекистан)

Худайкулов Р.М. PhD, доцент (Узбекистан)

Заместители главного редактора: Е. Ешим (Казахстан)

Международный научный журнал «ВЕСТНИК БОБЕК» ЛИЦЕНЗИРОВАН И  
ЗАРЕГИСТРИРОВАН В КОМИТЕТЕ ИНФОРМАЦИИ, МИНИСТЕРСТВА  
ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН,  
регистрационный номер СВИДЕТЕЛЬСТВА: KZ94VPY00075161 от.15.08.2023 г.



INTERNATIONAL RESEARCH INSTITUTE «BOBEK»

ISSN 2664-2271



**BOBEK**



НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ  
БИБЛИОТЕКА  
**eLIBRARY.RU**

**РИНЦ**



## «BULLETIN OF BOBEK»

No.1(1). 2024

SERIES "HISTORICAL SCIENCES AND ARCHEOLOGY"  
and "PHILOSOPHICAL SCIENCES"

---

**CHIEF EDITOR:**

**E. Abiev, PhD (Kazakhstan)**

**J. Malibek, professor (Kazakhstan)**

**Zh.N. Kaliev, candidate of pedagogical sciences (Kazakhstan)**

**Liu Deming (China),**

**E.L. Stycheva, T.G. Borisov (Russia)**

**Chembarisov E.I. Doctor of Geographical Sciences, Professor (Uzbekistan)**

**Salimova B.D. Ph.D., associate professor (Uzbekistan)**

**Khudaykulov R.M. PhD, associate professor (Uzbekistan)**

**Deputy chief editors: Y. Yeshim (Kazakhstan)**

---

The international scientific journal "BOBEK NEWSLETTER" is LICENSED AND REGISTERED WITH THE INFORMATION COMMITTEE, MINISTRY OF INFORMATION AND SOCIAL DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, CERTIFICATE registration number: KZ94VPY00075161 dated 08/15/2023.

ASTANA – 2024

Consolidation of legal entities in the form of an  
association «National Movement «Bobek», 2024



УДК: 355/359 (574)

**ҚАЗАҚТЫҢ БЕС ҚАРУЫ****Жұмабай Айдос Асанұлы**

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, магистрант.

*Ғылыми жетекшісі:* Байғабатова Назгуль Кажимуратовна

Талдықорған, Қазақстан

**Аннотация:** Мақала қазақ халқының әскери өнерінің даму тарихына арналған. Әскери құралымдардың құрылымы, жүргізу тактикасы туралы тарихи деректер келтіріледі. Жауынгердің әскери киімдері мен қару-жарақтары көрсетілген.

**Тірек сөздер:** Қазақтың, бес қаруы, жебе, найза, балта, қылыш, семсер, қалқан, мылтық, берен.

**Қазақтың әскери тактикасы:** көшпенділердің әскери тактикасының негізгі қағидасының бірі - тұтқилдан шешімді шабуылға шығу. Бұл шабуылды негізінде түнде немесе таң ата қарсыластың күтпеген уақытында жасаған. «Казахи старались нападать на противника ночью или на рассвете, т.е. в такое время, когда они не ожидали атаки» (Н.Рязанов, 1924 жыл). Бұл шабуыл сақтар заманында «тұлғама» (айналдыра қоршау, қарату), жоңғарлармен соғыс кезінде «Ай қорған» және «Қоян қашты» деп аталды. Мұндай ұсақ шабуылдар жау әскерлерін үнемі үрейлендіріп отырған және өздері ұстатпай тез арада ұрыс даласынан кетіп қалатын. Г.Семенюк: «Возможно поэтому казахи-кочевники наиболее эффективно действовали хорошо организованными отрядами. Особенностью казахской военной тактики были быстрота и внезапность атаки, стремительный, короткий бой» деп сипаттайды. Қазақтар ұрысқа шыққанда күндіз, түні өздері арнайы паролдар қолданған, аңның, құстың дыбыстарын салған. Түнде арнайы төбелерге от жағу арқылы жау туралы хабар таратқан. Отты көрген адам ауылға хабарлап, ауыл тез қауіпсіз жерге көшкен, оны қазақтар «ұран от» деп атаған.

Сонымен қатар, тактика-психикалық әдістерге айқай, шудан басқа жаудың мысын басатын және рухтандыру мақсатында әр батырдың айқайлап қолданатын, күш алатын ұраны болған. Мысалы, қыпшақтар «Ойбос» (Қобыланды ұрпағы), наймандар «Қаптағаш», Абылай хан (Әбілмәнсұр) Абылай бабасын ұран еткен. Қазақта жау басқанда, қауіп төнген кезде әскерін көтеретін дабылдары болған. Соның ішінде ең көп қолданатыны «Аттан» дабылы.

«Крик «Ат-тан» - дейді Фон Герн, - действует на казаха магически. Всякий казах считает себя обязанным немедленно схватить оружие, какое попадает под руку, сесть на коня, всегда находящегося около юрты, и скакать по направлению крика...».

Түркі-моңғолдық сенім-нанымдар бойынша «ту» әскери рухты көтеретін әскердің сақтаушысы саналған. Сондықтан қазақтарда рухты көтеру мақсатында Тудың (байрақтың) ролі күшті, күш беруші болған. Жоңғар-қазақ соғысы кезінде Абылай ханның Туын Олжабай батыр ұстаған. Бұл жөнінде

*Түріктер асарлап аулаған*

*Жауды қоршап, иіріп жаулаған.*

*Ту етіп бөрілі байрақ көтерген*

«Бөрі басы ұраным – бөрілі менің байрағым», – деп, Сүйінбай жырлаған. Жоғарыда көрсетілген иіріп, қаумалап, қоршау тәсілін қолданған қазақтар көптеген жеңіске жеткен. Мысалы, 1643 жылы қыста Жәңгір хан 600 сарбазын Жоңғар қонтайшысы Батураның 50000 әскеріне қарсы бағыттаған. Қашып келіп тау ішіне кіргізіп алып, қоршауға түскен жоңғар әскері шығынға ұшырып, қашып құтылған. Бұл тарихи оқиға «Орбұлақ шайқасы» деген атпен белгілі. Осы шайқастан кейін Жәңгір ханды ел Салқам Жәңгір, яғни өткір деген



мағынада атап кеткен. Осындай әскери тактикалық әдісті Ұлы Отан соғысы кезінде Б.Момышұлы батальоны қолданған. Ол Матренино станциясы үшін шайқаста неміс-фашистерінің 400 әскерінен өзінің 120 солдаттарымен қашып, орманға жасырып, қайта шабуыл жасап жеңіске жеткен (Б.Момышұлы. II том. 159-164 беттер). [История военного искусства под ред. генерал-лейтенант П.А. Жилин, М.: Воениздат, 1986.]

*Қазақтың қару-жарағы:* Эпостық жырларда «бес қаруын асынып» деген жолдар жиі кездеседі. Сол бес қаруға садақ-жебе, қылыш, найза-айбалта, күрзі (шоқпар) жатады. Бұл қарулар эпостық жырлардан басқа тарихи қазбалардан табылған заттардан белгілі, зерттеушілер мен шетел саяхатшылардың еңбектерімен дәлелденген. Соның ішінде ағылшын Дж.Кэтли қазақтың садағының өлшемі 120-130 см деп суретін салып қалдырған. Мұны сақтардың қазбаларынан табылған садақтың өлшемі нақтылай түседі. Осындай садақтар ғұндарда – 4, ежелгі түріктерде – 7, енисей қырғыздарында, қимақтарда – 4 түрі болғанын ғалым Ю.С.Хуляков айтады.

*Жебе* – қазақтың оқ-жебелері 4 түрлі болған. Ш.Уәлиханов қазақ жебелерінің ұшы екі, үш, төрт қырлы болатынын айтып, өз еңбектерінде оның суретін салған, екі қырлы аңшылық, төрт қырлы сауыт бұзар деп аталған екен. Осындай 33 жебе (СЭМ) Санкт-Петербургте сақтаулы. Эпостық жырларда кездесетін сұр жебе, көк жебе, сары жебелерді ұрыста қорғаныс киіміне байланысты қолданған. Жебе көбіне қайың, адырна, қамыстан жасалған.

*Найза* – эпостық жырлардағы қазақтың найзасының 13 түрі бар екен. XIX ғасырдағы найзаның өлшемі 190-195 см болыпты. Найзамен қазақтың ұрыс жүргізу тәсілдерін саяхатшы Т.Аткинсон Хан Кенесарының көтерілісіне қатысқан бір жауынгердің көрсеткен әдіс-тәсілдерін көріп былай дейді: «Имея хороших офицеров, (казахи) киргизы могли бы составить лучшую кавалерию в мире. Им присущи все качества прославившегося в истории знаменитого полчища Чингис хана».

*Балта* – эпос жырларында ақ балта, айбалта, ала балта, қара балта, Айыр шот, келте шот, балта шот түрлері кездеседі. Айбалтаның алғашқы үлгілері батыс пен шығыстың басқа елдерінде де кездеседі. Ежелгі Египет заманынан бері белгілі. Айбалтаның алғашқы үлгілері батыс пен шығыстың басқа елдерінде де Қалмақ батыры дес бермей, төртінші болып сайысқа шыққан Жәнібек ересен ерлік көрсетеді. Қалмақ батырының құлантай ұрған айбалтасын денесіне дарытпай, жұлып алып, «олай шаппайды, былай шабады» деп ол алмасын жай түскендей жарқ еткізеді. (М. Қозыбаев, Жауды шаптым ту байлап) [1]

Айбалта жаннан шешісіп, басқа балта салысып, Одан жеңіп ала алмай, Күйлеп күрсі алысып, Күшіменен салысып, жайды қолға алысып, күшіген жүнді сұр жебе, кірісіне салысып, екі бөлек тұрысып, мылтық атып ұрысып. [2]

*Күрзі* – алмас күрзі, ағаш күрзі, тас шоқпар, қол шоқпарлар болған. Шынжырлы шар байланған шоқпар 135 см, Санкт-Петербургте сақтаулы. Мұнан басқа қазақтар қамшы, құрық сойылды да қару ретінде қолданған.

*Қылыш семсер* – ақ семсер, көк семсер, алдаспан деген түрлері болады. Семсер екі қырлы, тік болып келеді. Ал қылыштар имек болады. Ерекше сұранысқа ие болған түрі парсылықтар «исфахан» деп атайтын, ал қазақтарда «наркескен» деп атайтын түрі-қылыш.

*Қалқан* – дөңгелектеп ағаштан жасалып, іші киіз, сырты терімен көмкерілген. Қалқанның төрт бұрышты дөңгелек жарты цилиндр тәрізді жүрекше, астауша т.б. түрлерін қолданған. Қазақтарда дөңгелек қалқан кең тараған. Бұларда қалқан көннен, қоладан, ағаштан жасалған [3].

*Мылтық* – қазақта ату қаруы болмаған, ол тек сырттан алып келінген. Тек қазақ шеберлері өңдеп, жаңаша ыңғайлап өзгертіп отырған. Мылтықтың алғашқы түрлері XV-XVII ғасырларда белгілі бола бастады. Оның шитті, бытыралы, бітелі, шүрпілі, опырмалы, қосауыз, жекеауыз, көкберен т.б. түрлері бар. Осындай қазақтың екі мылтығы Санкт-Петербургте сақтаулы [4]



Ш. Уәлиханов естеліктерінде қазақтың мылтықтарының түрлерін көзкес, құлдыр, мамыр деп жазып кеткен. Қазақтың мылтығы 700 қадамнан атуға арналған. Сонымен, қазақтың жақын ұрыстарға қолданатын қаруларын төмендегідей топқа бөлуге болады.

1. Орташа қашықтыққа – найза;
2. Соққы қаруы – шоқпар, күрзі;
3. Ұрып-шабу қаруы – балта, шот;
4. Шабу-сұғу қаруы – семсер, қылыш;
5. Сұғу-тілу қаруы – пышақ, қанжар;
6. Ішкі-ұрыс қаруы – сойыл, құрық, қамшы.

Қазақтың қару-жарақтарының бір бөлігі болып саналатын саут-саймандар біздің дәуірімізге дейінгі XIV-XI ғасырдан бастау алатын археологиялық қазбалардан белгілі. Негізінен, қазақтың саут-саймандары басқа көшпелілерімен ұқсас келеді. Олардың үш түрі белгілі:

1. Металл сынықтарынан жасалғандар: көбе жалаңқат (көбе металл сынықтарын елтірі белдеулері арқылы біріктіріп жасайтын саут).

2. Дөңгелек темір сынықтарынан жасалғандар: кіреуке, зер саут, бадана.

3. Теріден жасалғандар: берен тон, қаттама.

Батырлар жырында көп кездесетін түрлері: көбе, торғауыт, жалаңқат, шарайна т.б.

*Берен* – (берен саут, жеңсіз берен, берен тон) қалың терінің үстінен металл сынықтары тігіліп жасалған. Сауттың бұл түрін моңғолдар «күяк» деп атаған. Жалаңқат қыпшақтардың заманынан белгілі.

Кіреуке, зер саут, бадана дөңгелек темірдің сынықтарынан тоқылған темір кеудеше десе болады. Қазақтың ең көп пайдаланған сауты – бадана (бадана көзді ақ саут, берік саут, бадана көзді кіреуке). П. Винклер: «С начала XIII столетия с появлением и завоеванием татар последние передали нам и свои доспехи. Таким образом явились бадана бабехтерцы, каналантари и кусяки», - деп жазады.

Кең тараған ендігі бір саут - теріден жасалған қаттама, торғауыт тон (оқ отпес тон, шолақ тон). Бас киімнің де үлкен мәні болған, мысалы – дулыға «алтын қалпақ дулыға, ақ дулыға, құрама болат дулыға). Батыс Қазақстан облысында «Сейсем-Ата» зираттарындағы құлпы тастардағы суреттерден дулығаның түркі-моңғол соғысында болғанын байқаймыз. Белдіктер де қару-жарақты алып жүруге пайдаланылған, оны «кісе» деп атаған. Қазақтың негізгі әскери көлігі жылқы болған. «Ер қанаты - тұлпар»-деп, қазақ жылқысыз жүруді намыс көрген, қор санаған.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М. Қозыбаев. Жауды шаптым ту байлап., - Алматы: Қазақстан, 1994, 192 б.
2. Қ. Манас. Жауды шаптым ту байлап. Алматы. Қазақстан. 1994, 84 б.
3. М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі, Алматы, Қазақстан, 1995-208 б.
4. Ақ орда. Әдеби - көркем журнал, 02.12.92 ж., Кенесары - Наурызбай (Нысанбай ақын дастаны) 17 б.
5. История военного искусства. – под ред. генерала-лейтенанта П.А. Жилина. – М.: Воениздат, 1986



ӘОЖ: 37.01

## ДУЛАТ – ТАРИХИ ТҰЛҒА

**Майлыханова Мадина Оразмуратовна**

Абай облысы білім басқармасы  
Аягөз ауданы білім бөлімінің  
«Мектеп жанындағы интернаты бар  
жалпы орта білім беретін №6 мектебі» КММ  
Тарих пәнінің мұғалімі  
ШҚО, Қазақстан

***Аңдатпа:** Мақалада тарихи тұлға Дулат Бабатайұлы шығармашылығы туралы сөз етіледі. Дулат - халықтық шығармаларды, ұлттық поэзия үлгілерін жаттап өскен, көне түркі поэзиясынан тағылым алған ақын. Бұқар мен Ақтамберді жырауларды ұстаз тұтқан. Өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған ол қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып жағынан байытып, көркемдік жаңа тәсілдер арқылы жаңа сатыға көтерді. Автор тарихи тұлғаның құндылығын сөз етеді.*

***Тірек сөздер:** тарихи тұлға, ұлттық поэзия, ұлттық құндылық, шежіре.*

Халық ақыны Шәкір Әбенұлы және өзіміздің ел аузындағы жиыстырған мәліметтерге қарағанда, ол 1802 жылы Семей облысы, Аягөз ауданы Сандықтас қонысында туған, руы Найман, оның ішінде Қаракерей. Дулат жасынан-ақ өнер қуған адам деседі. Шығармаларына қарағанда, мұсылманша хат білген, түркі таныған, молдалар арқылы сол кездегі қазақ даласына тараған діни көзқарастардың шеңберінде дін туралы біршама түсінігі бары байқалады.

Дулат өзі өмір сүрген уақыттың ахуалын қаз-қалпында жырлаған, оған өзінің азаматтық ой-пікірін батыл білдірген күрескер ақын болды. Өз кезінде ел ішіндегі жан ауыртқан оқиғаларды өлеңге айналдырған жыр дүлдүлі ғана емес, сол жайлардан үлкен әлеуметтік ойлар түйген ойшыл.

Өлеңдері ел ішіне ауызша және қолжазба түрінде таралған. Кейбір өлеңдері Қазан қаласынан 1880 жылы алғаш рет “Өсиетнама” деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген.

Дулат шығармалары, негізінен, қазақ халқының екі жақты езгіге түскен ауыр халін суреттеуге құрылған. Бірінші, патша үкіметінің отаршылдық қанауы. Екінші, патша үкіметі тарапынан тағайындалып, солардан қолдау табатын жергілікті әкім-билердің езіп жаншуы.

Өнер жолына ерте түскен, өмірінің соңғы күндеріне дейін ел ықыласына бөленген Дулат 1871 жылы қайтыс болады.

Кезінде Дулат Бабатайұлының ақындығы туралы академик жазушы М. Әуезовтен бастап ғалым-зерттеушілердің барлығы оның зар заман ақыны екендігін айтып, әдебиет тарихынан қомақты орын берді. Олардың қатарында А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Мұхаметханов, Р.Сыздықова, Б.Кенжебаев, Т.Кәкішев сияқты ғалымдар болды. М.Әуезов Дулатты ғылыми зерттеулерінде, “Абай” романында жоғары бағалайды. 1947 жылғы ҚКП ОК-нің әдебиет, өнер жөніндегі қаулысындағы Дулатты діншіл, хандық дәуірді, ескілікті аңсаушы кертартпа ақын деген теріс бағадан кейін, 1959 жылы өткен қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми конференцияның ұсыныстарында Дулат жөнінде “... творчествосын орта мектепте оқыту қажетсіз деп саналсын”, — деген саяси қорытынды берілді. Сол себепті “Абай” романында өз атымен берілген Дулат “Абай жолында” Барлас атанып кете берді.



Тәуелсіздік тұсында ғана Дулат Бабатайұлының шығармашылығы толық жинақталып, ақынның 200 жыл толуы қарсаңында бірнеше еңбектері жарыққа шыққан. Ақын өлеңдерінде патшалық Ресейдің отарлау саясатының әсерінен ел ішінің бүлініп, психологиялық өзгеріске түсуі, билік құмарлыққа салынған әкім-билердің өзара талас-тартысы сыналады. «Тегімді менің сұрасаң», «Сүлейменге» деген өлеңдерінде отаршылдық билік жүйесі мен елін сатқан атқамінерлер бейнесінің тұңғыш галереясын жасайды. Бұл тұрғыда Дулат – қазақ әдебиеті тарихында ұлттық санасы алғаш оянған жаңашыл ақын.

Дулат ел әкімдерін озбырлығына қоса қазақ елін патша үкіметінің езгіге салуына себепші, елді сатушылар деп біледі. Оларды «Бараққа», «Тырнақтай меңі болған соң» , «Әуелгі қазақ деген жұрт» т.б. өлең-толғауларында өлтіре сынайды.

Дулат – қазақ елінің патша үкіметіне тәуелді болғанына наразы ақын. Патшалық Ресейдің капиталистік қарым- қатынасының қазақ жеріне енуіне де, одан туындаған өзгерістер мен жаңалықтарға да жаны қас. Қазақтың өз алдына бөлек хандық құрып, дербес өмір сүруін көксейді, хан басқарған феодалдық тұрмысты жақтайды. Қоғамды, дүниені өзгертпесе, қазақтың бағы ашылмайды деген үлкен қорытындылар жасайды.

Дулат Бабатайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Өсиетнама» 1880 жылы Қазан қаласында жарық көрген.

Дулат – жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Олай дейтін себебіміз өлең сөз арқылы насихат, дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам жалпы философиялық қозғалысты қозғаса, ал ақындық мектепте поэзиядағы нақтылық, сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге тоқталған. Көркем сөзді халыққа қызмет ететін қару деп ұғынған ақын өз шығармаларында заманының көкейкесті мәселелерін қозғайды. Ол өмір, тіршілік, тұрмыс, қоршаған орта, әлем жөнінде, өзгермелі, құбылмалы, опасыз, алдамшы, жалған дүние турасында толық тебіренеді. Ел – Дулат өлеңдерінің негізгі мотиві. Елдік, бірлік, «Замана», «Ақтан жас», «Сүлейменге» т.б. өлеңдерінде жырланады. Елдің бірлігі азайып, бұл елдікке нұқсан келтіретіндігін, аға сұлтан, бай-феодал, ел басқарушылар халықтың бірлігін ойламай, өз тіршілік құндылықтарын ойлайтындығын айта келіп, бір өлеңінде жырау құмырсқа мен бөденені мысалға алады.

Елдігің кетіп ыдырап,

Білгені өсек сыбырлап.

Алтын жығаң сөгіліп,

Абыройың төгіліп,

Барыңнан да жақсы еді

Жоқ болғаның мұнан да, -

деп, Дулат ашына жырлап, көпшіліктің бәріне ұрсады. Ел боламын десең өсек, өтіріктен аулақ қаш. «Алтын жығаң» - бірлігіңді бұзба деп басалқылық айтады. Бірлік, ұйымшылдық үшін ең кішкентай жәндік құмырсқаның өмірін суреттей келіп, ең болмаса осыны аңғармайсыңдар ма дейді. «Бөдененің үйі жоқ, қайда барса былқылдақ» деген халық мәтелін келтіреді де, бірлік мәселесінде қазақтың қазіргі жағдайы дәл бөденеге ұқсайды деп сынайды.

Дулат XIX ғасырдың бірінше жартысында ақындық құрды. Осы дәуірде қазақтың көшпенді дәуіріне тән ауызша әдебиетінде екі жақты қанауды сынап, бірінші болып көрінді. Бұл өте елеулі құбылыс, тарихи мәні бар құбылыс. Патша өкіметі бұратана елде тағылық түрдегі зорлық-зомбылықтың ең топас, ең дөрекі түрлерін қолданған дәуірде осы қатал езгіге қарсы тойтарыс Дулат сияқты ақындар творчествосында берілсе, мұның өзі қазақ халқының отаршылдық езгіде ез, құл боп кеткендігінің белгісі. Дулаттар – отаршылдық езгіге түскен халықтың ар-ұжданы. Дулат қазақтың өзі өскен өлкесінің Россияға қарағанға дейінгі , осы қарау тұсындағы ақын: ол, бір жағынан, қалмақ шапқыншылығына ұшырап, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» тоз-тоз боп бытыраған қазақ халқының енді ғана





басы қайта біріккен, өз алдына ел бола бастаған дәуірінің ақыны; сол жаңа ел болу дәуірінің – хандық дәуірдің ақыны; Екінші жағынан, кеше ғана қалмақ қоңтайшылары егсіінде болған халықтың еркіндікке түсіп, ең жерді иемденуі тұсындағы идеялары мен ой-пікірінің ақыны; Үшіншіден, ол таптық қайшылығы ағайындық салт-анамен бүркемеленген «біртұтас» рулық-патриархаттық қоғамның ақыны; Төртіншіден, ол қалмақ қоңтайшылары тұсында ондаған жылдар қысымда, езгіде болып, қытай сияқты үлкен, зорлықшыл империяның тізе батыруын көріп, жат ел басқыншылығына деген өшпенділігі, жат жұртқа деген жек көрушілігі үйреткен, осы сырт ел езгісі жұртты жау деп тануға үйреткен психологияның ақыны. Мұнда да толық заңдылық бар еді: патша өкіметінің отаршылдық саясатты іске асыру барысында қазақ жұртына қойып отырған шарттары және отаршылдық саясаттың барысы жөніндегі ақын түсінігі бұрынғы болып өткен тарихи тәжірибелердің, ең алдымен, қалмақтардың жаулап, шауып алуы тәжірибелерінің, өткен тарих берген түсініктің ықпалында болды. Осылайша етпей, бұрын болып өткен ұқсас тарихи процесті еске алмай тұрып, жаңа тарихи процесті еске алмай тұрып, жаңа тарихи процесті оның жүріп жатқан кезінде дәл тани қою, өзіне тән ерекше белгілерімен алып тани қою мүмкін емес. Ал қазақ хандары мен сұлтандары, би-бектері патша өкіметіне елді қаратқан кезде, өзін жат езгісіне салатындай сезінген халықтың хан-сұлтандарға деген байырғы көзсіз бас шұлғи сенудің быт-шыты шықты, олардың жат жұртты жау деп тануға үйреткен психологиясы енді келіп өз хан-сұлтандарын да жау деп тануға әкеледі, сөйтіп, патша өкіметіне қарамай тұрған кездегі қазақ хандары «жақсы хандар» боп шықты да, кейінгі хандар «елді сатушы» хандар, елдің жаулары болып шықты, - Дулат осы психологияның ақыны; бесіншіден, патша өкіметіне қарау қазақ шаруаларын жерден айырды, күйзеліске түсірді, ал осы күйзеліске, жерден айыруға қарсылық – қазақтың патриархаттық ауылының қарсылығы - Дулаттың да қарсылығы болды. Дулат жерден айырылған осы қазақ шаруасының ақыны. Дулат 30-40 жылдарда қазақ ауылына аралап, «тыныштық сақтап» жүрген полиция қызметіндегі қазақ әскерлерге де, 50-жылдарда өз күнкөріс көзі болған жерін кесіп алып, орналасып жатқан қоныстанушы казак-әскерлерге де осы шаруа көзімен, осы шаруа мүддесі тұрғысынан қарады. Дәл осы себепті де Дулат та, өзі ақыны болған қазақ шаруасы да мына өз жерінің шұрайлы бөлігін кесіп алып, күнкөріс көзін тарылтып, жатқан казак-әскер қоныстанушыларын патша өкіметінің қазақ даласындағы отарлаушы әскери мекемесінен бөліп қарай алған жоқ. Тіпті олар қазақ атанып келіп, жаңа қоныстана бастаған орыс шаруаларын да (оларды жаңа жерге, шұрайлы жерге орналастырып, әр жақты материалдық көмек беріп, жеңілдіктер жасап, өзіне үлкен «қамқорлық» көрсеткен, патшаға деген сенімділігі, ризашылдығы мен жекеменшікшіл психологиясы, әрі діни көзқарас қайшылығы, әрі патша насихатшыларының өздерінің санасына еккен бұратана жұртқа деген өшпенділік салқыны әуелгі кезде жергілікті халықпен араластыра қоймаған орыс шаруаларына да, жазалаушы казактардан бөліп қарай алған жоқ. Дулат қазақ даласының патшалық Россияның отаршылдық езгісіне, бұқара халықты қанауына, жергілікті ірі феодалдардың таптық езгісіне қарсы ереуілдер көбейген 30-50 жылдардың ақыны болғандықтан әрі оның творчествосының дені, тіпті бәрі дерлік осы екі жақты езгіге, қанаушыға қарсы идеяға толы болғандықтан, сөз жоқ, ақын шығармаларындағы бұл батыл үн сол кездегі бұқара халықтың осы екі жақты езгіге қарсы ниетінің күшеюінің жемісі, сондықтан да Дулатты, оның творчествосын сол 30-50 жылдардағы тарихи жағдайлардан бөліп алып қарауға болмайды. Дулат өз ортасында үстем тапқа қарсы, оның бұқара халыққа жасаған зорлық-зомбылығына қарсы бірінші болып тойтарыс берген ақын. Ойымды қорыта келе, Дулат тақырыбы әлі де тереңнен зерттелуді қажет ететін қазыналы дүние екенін баршамыз білеміз және болашақта зерттеу жұмысын жандандырып, жас ұрпақ бойына сіңіру ұстаздарға тиесілі еңбек деп танымын.



### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дулат Бабатайұлы шығармалары мен тағылымы. Алматы. 2003.
2. Қажым Жұмалиев – қазақ әдебиеті зерттеушісі, профессор, Қаз ССР ҒА корреспондент – мүшесі: «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» монографиясынан. Алматы, 1967.
3. Зәки Ахметов - қазақ әдебиеті зерттеушісі, ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, Д.Бабатайұлының туғанына 200 жыл толуына арналған ғылыми-теориялық конференцияда оқылған баяндамасынан.
4. Мұхтар Мағауин – Қазақстан халық жазушысы; «Бес ғасыр жырлайды» костюмдығына алғысөзден, I том. Алматы, 1989.
5. Ханғали Сүйіншәлиев – әдебиет зерттеушісі, ф.ғ.д., профессор; «Сатира негіздері» кітабынан. Алматы, «Санат» 1996.
6. Қабдеш Жұмаділов – Қазақстан халық жазушысы; «Қазақ әдебиеті», 2001, 15 маусым.

УДК9.930.1

### АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕР.

**Рысқұлова Аружан Ардаққызы**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жаратылыстану факультетінің  
4курс білімгері  
Ғылыми жетекшісі-Данабекова Динара Ибаділдәқызы  
Тараз, Қазақстан

***Аңдатпа:** Абылай хан-Қазақ Хандығының көрнекті мемлекет қайраткері, әскери қолбасшысы, сардар және аға хан. Өте күрделі ішкі саяси және халықаралық жағдайларда ол мемлекеттің салыстырмалы тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтай алды.*

***Кілт сөздер:** хан, қолбасшы, дипломат, егеменді ел, қазақ халқы, отан.*

Абылай хан. Бұл есімді атағанда барша қазақ атауының жадына «Бостандық, егеменді ел, қазақ халқы, туған жер, отан, ел бірлігі, ынтымағы» сияқты қасиетті ұғымдар оралады. Айбынды да айдынды, әруақты Абылай бабамыздың есімі, рухы осы бір ұғымдардың синонимі емес деп, ешкімде айта алмас. Өйткені Абылай ханның – ғажайып батырдың, ұлы қолбасшының, жоғары дәрежедегі мемлекет қайраткерінің, көреген дипломаттың өмірі бір ғасырға жуық қазақ халқының тағдырымен оның ата тарихымен сабақтас. Шын мәнінде, XVIII ғ. халқымыздың тарихына Абылай заманы болып енетіні хақ.

Абылай хан – XVIII ғ тарихымыздың аса ірі тұлғасы. Тарихи тұлғаларды бір-бірімен теңдестіре салыстыруға болмайды. Абылайдың дара тұлғасы туралы атақты тарихшы А.Левшин «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың Боғдыханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді» деп суреттейді.

Абылайдың дара тұлғасы, қолбасшылық талантымен саяси көрегендігі, қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығымен, Ресей, Қытай империяларының көз алартуына қарсы күресіне байланысты қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде көзге түсті. Абылай сол қазақ халқының тағдыр-талайы қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрғанда ел бірлігін



ұйымдастырып, үш жүздің басын қосып, анталаған жауға тойтарыс берді. Сол арқылы қазақтың келешегіне жол салды. Абылайдың аты, көзі тірісінде аңызға айналып, қазақ үшін қасиетті Алаш сияқты жауынгерлік ұранға айналды.

Абылай тақырыбын зерттеу үшін басты деректер болып саналатын құжаттар орыс архивтерінде. Ол орыс патшаларының грамоталары мен указдары. Сенат пен сыртқы істер коллегиясының документтері аталмыш органдардың хандар мен сұлтандармен жазысқан хаттары, қазақ хандығында болып қайтқан орыс елшілерінің жазбалары. Міне, осындай документтерден тұратын «Қазақ-орыс қарым-қатынастары» деген жинақта 500 –ден астам құжаттар бар. Бұл материалдарда Абылай туралы, оның ішкі және сыртқы саясаттарынан мағлұмат беретін көптеген жайттар кездеседі. Әрине, ол құжаттарды жасаған негізінен үкімет мекемелері патша чиновниктері, ал олар отарлау әкімшілігінің көзқарасы мен саясатын көрсететіндіктен құжатты пайдаланғанда бітірлік, сыни саралау және басқа нұсқалармен салыстырып отыру қажет. Екіншіден, Ресей архивтерінің көптеген қорлары қазақ тарихын зерттеушілердің қолына тимей келетінін ескере отырып, оларды жан-жақты зерттеп, пайдаланбай біз тарихи шындыққа жете алмаймыз. Бұлардан басқа Абылай туралы мәліметтер Революцияға дейін басылған энциклопедиялық сөздіктерде, сондай-ақ «Россия біздің отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деген іргелі басылымда кездеседі. Осы басылымның 18-томы түгелдей қазақ өлкесіне арналған. Мұнда төмендегі сөздерді оқуға болады. «Қырғыздардың (яғни қазақтардың) арасында кең танымал хан атанған Абылай қырғыздарды бөгделердің билігінде қалдырмауға тырысты.»

1911 жылы профессорлар Э.Л.Гримм, А.В.Классовский және Г.В.Хлопиннің редакциялауымен Петербургте жарық көрген энциклопедиялық сөздікте Абылай хан хақында бұдан да кеңірек айтылған. Алайда, төңкеріске дейінгі орыс энциклопедияларының ішінде Абылай бабамыз хақында кең көлемді мағлұмат беретіні Брокгауз және Ефран энциклопедиясы. Онда «Абылай немесе Абулай – Қырғыз – қайсақтардың Орта жүзінің XVIII ғасырдағы ханы, ол 1839 жылы (дәлірек айтқанда 1840 жылы) Орынборда Ресейге мәңгілік боданды болуға ант еткен. Оның қалай қырғыздардың ішінен топ жарып шығып, хан дәрежесіне көтерілгені неге оны халық қаһарманы ретінде қырғыздар осы күнге дейін жырлайтындығы жөнінде әр қилы аңыздар бар. Алайда, 30-шы жылдары ол Орта жүздегі ең басты күш ретінде өзін танытты және онымен қарым-қатынас жасауға болушы еді. Дегенмен, Орта Азиядағы қозғалыстың және Жоңғария мен кіші Буқарияны қытайлықтардың жаулап алуына байланысты Абылай өзін Қытай боғдыханына тәуелді екенін мойындаған, боғдыхан болса оған князь атын берген, Түркістанда 1781 жылы қайтыс болған» - деп жазылған. Абылай хан туралы мағлұмат беретін әдебиеттер баршылық. Олар Қазақстанның тарихына арналған революциядан бұрын шыққан басылымдар. Оғын ең алдымен алғашқы орыс зерттеушілері П.С.Паластың, П.И.Рочковтың «Орынбор Губерниясының тарихы» - бұл қызметкерлердің пайдасы мен көңілін ашатын шығармалар мен аудармалар болып табылады. Н.Г.Андреевтың «Қырғыз – қайсақтардың Орта жүзінің сипаттамасы», А.И.Левшиннің «Қырғыз-қайсақтардың немесе қырғыз-қайсақтардың ордасы мен даласының сипаттамасы», В.В.Родловтың «Солтүстік түркі тайпаларының халық әдебиетінің үлгілері». С.Е.Маловтың, В.Л.Томсеннің, Н.М.Ядринцевтың, И.Фольктің «Россия жеріндегі ғылыми саясаттардың толық жинағы», И.Г.Георгийдің «Россия мемлекетін мекендеген барлық халықтардың сипаттамасы», Г.Н.Потаниннің «Сібір тарихына арналған құжаттар», Н.П.Рычковтың «1771 жылы Қырғыз даласына саясат сапарындағы капитан Николай Рычковтың күнделік жазбалары» деп, Н.А.Аристовтың «Қырғыз-қайсақтардың этникалық құрамын анықтау тәжірибесі», Г.Спаскийдің «Ұлы, Орта және Кіші Ордалардың қырғыз-қазақтары» деген еңбектері жатады. Бұл авторлар Қазақстанның XVIII-XIX ғ.ғ. қоғамдық-саяси дамуының ерекшелігімен жақсы танысболғандықтан халықтың тұрмыс салтын, жағдайын, мәдениетін жан-жақты сипаттаған. Олар өздері сөз еткен оқиғалардың куәсі болған немесе ізі



өшірілмей жазған, сондықтанда жоғарыда аталған орыс авторларының еңбектерінің қазақ тарихы үшін мағынасы зор. Осы сөз болып отырған авторлардың еңбектерінде Абылайға арналған көптеген беттер бар. Десек те, біздің өлкенің алғаш орыс тарихшылары мемлекеттің отарлау мекемелерінің өкілдері екенін және олардың саясатын іске асырушылар екенін ұмытпаған жөн. Абылай туралы тақырыпты зерттеуге қазақтың ұлы ағартушы ғалымы Ш.Уәлихановтың жинастырған материалдарының алатын орны ерекше. Онда Абылайдың рухы тегі жөнінде шежіре оның әйелдерінің аты, жөні, ата тегі және ұрпақтарының тағдыр-талайы жазылған. Бұл құжаттарды Шоқанның орыс тілінде шыққан 5 томдық шығармалар жинағының бірінші және төртінші томдарынан оқуға болады. Ал үшінші томында XIX ғасырдың 60-шы жылдары жазған «Абылай» атты мақаласы бар. Ол негізінде Абылайға арналған тұңғыш ғылыми еңбек. Онда автор өзінің ұлы атасына байланысты көптеген мәліметтер келтірген және олар өз мағынасын осы күнге дейін жойған жоқ. Қазақ хандықтарының архивтері ертеден-ақ қолды болып, әр елдің қоймаларында қалғаны белгілі. Мысалы, Абылай туралы көптеген тарихи деректер көршілес елдердің, атап айтқанда Қытайдың, Иранның, Түркияның, Ауғанстанның архивтерінде, қоймаларында, тіпті АҚШ-тың, Батыс Европа елдерінің кітапханасында зерттеушілерін күтіп тұр. Оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу және орыс құжаттарымен салыстыра отырып, пайдалану біздің жауапты парызымыз деп ойлаймын. XVIII ғасырдағы Қазақстанның тарихын зерттеген кеңес тарихшылары да Абылайдың атын аттап өте алмады. Ол туралы біршама объективті мәліметтер 1935 жылы С.Д.Асфендияров жазған Қазақстан тарихында, 1941 жылы М.П.Вяткин шығарған «Қазақ ССР тарихы» очерктерінде кездеседі. Бұл кітаптарда Абылайдың өз халқының тағдырындағы рөлі Қазақстан тарихындағы қиын қыстау процестерімен ұштастырыла көрсетілген. Қалайда бұл авторларды тарихта бұрмалады деуге еш негіз жоқ. Ал, Н.Г.Апполованың, С.Н.Толобековтың, В.Я.Басиннің, Б.П.Гурьевичтің, В.С.Кузнецовтың, Т.Ж.Шойынбаевтың кітаптары туралы былай деуге болмайды. Ал, бұл авторлардың еңбектеріне тоқталатын болсақ Н.Г.Апполованың «XVIII ғ. 30-40 жылдары Қазақстанның Россияға қосылуы және XVIII – XIX ғасырлар басындағы Қазақстанның Россиямен экономикалық және саяси қатынасы», С.Е.Толобековтың «XVII-XIX ғасырлардағы қоғамдық экономикалық құрылыс», В.Я.Басиннің «Россия және XVI-XIX ғасырлардағы қазақ хандықтары», Б.П.Гурьевичтің «XVII-XIX ғ. Орталық Азиядағы халықаралық қарым-қатынастар», В.С.Кузнецовтың «Амурсана», Т.Ж.Шойынбаевтың «Қазақ жерлерінің Россия құрамына өз еркімен кіруі». Бұларды оқи отырып, ғылыми нақтылық басым ба, соны түсіну қиын. Бұл еңбектерде Абылай хан тұлғасын сипаттай отырып оны залым, аса қатал және опасыз билеуші, өз мүддесін ғана көздеп, рулар арасындағы алауыздықты өрістетуші болып көрсетіледі. Мысалы, Б.Я.Басин, Г.Н.Апполовтың кітабындағы пікірге сүйене отырып, былай деген: «... Политика Абылая было двуличной не только в отношении Циннской империй, но и Россий ». Абылайға былайша біржақты қазақ халқының намысына тиетін пікірлерді В.С.Кузнецовтың 1980 жылы Новосібірде шыққан «Амурсана» атты кітабының беттерінен де кездестіруге болады. Біздің тарихнаманың тағы бір парадоксы – Абылай хан туралы мәліметтердің ұлан-ғайыр болғандығына қарамастан бертінге дейін арнайы ғылыми зерттеулердің болмауы. Осы орайда академик Р.Б.Сүлейменов «XIX ғасырдың 60-шы жылдары Ш.Уәлиханов жазған «Абылай» атты шағын мақаладан басқа, осы уақытқа дейін бірден-бір зерттеудің болмауы өкінішті-ақ» -деп жазды. Ол шынында да солай. Бірақ академик сыпайылық танытып, В.А.Моисеевпен бірігіп жазған кітабын атамай отыр. Олардың бірігіп жазған еңбектері 1988 жылы жарық көрген «XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихынан Абылайдың ішкі және сыртқы саясаттары туралы». Ал бұл еңбек жарық көрісімен-ақ лезде тарап кеткен болған. Себебі, оның маңызы орыс архивтеріндегі құжаттарды, Қытай авторларының еңбектерін кеңінен пайдалануында ғана емес, ең бастысы кітапта Қазақстанның тарихи даму процесіндегі Абылай ханның ойлы тұрғысынан ашылғандығы.



Абылайдың есімімен байланысты тарихи проблеманы саралауда белгілі жазушы Шот-Аман Ыдырысұлы Уалинановтың қосқан үлесі мол. Ол кісінің осы аттас еңбегінің бір бөлігі Көкшетау облыстық газет беттерінде жарияланды. Автор Абылайдың ата тегіне, оның даңқты патриоттық істеріне шолу жасап, көптеген түп нұсқалар келтіреді. Сонымен қатар С.М.Пресняковта Абылайға қатысты өз пікірлерін білдірген. Ол үлкен еңбек үшін көптеген деректер жинаған екен. Әрине автордың бүкіл айтқандарымен келісе беру болмайды, бірақ мұның қажеті де шамалы. Ең бастысы автор өзі міндет еткен ойын объективті түрде көрсетуге ынталы екен. Қазақ халқының ұлы көсемінің бейнесін жасауға көптеген жазушылар оның ішінде Ш.Құдайбердиев, М.Әуезов, С.Сейфуллин де қалам сілтеді. Бірақ кейбір тарихи жағдайларға байланысты ойдай туындылар жарық көре алмай, кейін жоғалып кетті. Осы тақырыпқа қазақтың тағы бір асыл перзенті М.Дулатов өзінің «Хан Абылай» атты мақаласын арнапты. Бірақ оған авторы репрессияға, яғни қуғын-сүргінге ұшыраған соң тиым салынған. Тек аса көрнекі қаламгер марқұм І.Есенберлин ғана Абылай бейнесін көркем әдебиетте сомдай алды, оның романы қазақ, орыс тілдерінде жарияланды. Романның аты – «Жан талас», ал орыс тіліндегісі «Отчание». Бұл кітаптың жақсы жақтары да нашар жақтары да бар деп пікір талас тудыруға болар еді, бірақ мәселе онда емес, 60-жылдардың соңы мен 70-жылдардың басында Абылай хақында қалам толғаудың өзі үлкен ерлікті талап етуші еді. Абылай тақарыбының тарихнамалық шолуы қазіргі кезде бүкіл әлем танып отырған «Ауызша тарихта» сараламайынша толық болмайды. Бұл өзі заңды да дүние. Герадот пен Рим тарихшыларынан бастап, ғалымдар қай кезеңде болсын, өз замандастарының көрген-білгендеріне де сүйенген. Осы тұрғыдан біздің тарихшылар үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр. Олар аса бай қазақ фольклорын пайдалана алады. Халық эпосы, жырлары, қиссалар, мақал-мәтелдер басқа да ауыз әдебиеттерінің көптеген үлгілері Абылай хақында тарихи шындықты көрсетеді. Солардың көпшілігінде осы тұлға айтулы хан, даңқты қолбасшы халқымыздың қорғаны, панасы, көсемі болып сипатталады. Өттең қазақтың ауыз әдебиеті бертіңге дейін тыйым салынған дүние болып келеді. Бұл «Қазақстан эпосындағы халыққа жат ағымдарды» ашумен байланысты еді. Ойлап қарасақ халық творчествосындағы халыққа жат ағымдар! Бұдан асқан құйтыртқылық, екізіділік болар ма? Тарихты бұрмаушылықтан, фактілерді теріс түсіндіруден қашып жатқан бүгінгі жағдайда және Абылай хан турасында бар шындықты айтуға мүмкіндік туған шақта ауызша тарихтың маңызы одан сайын арта түсуде. Ал халық оған байланысты ұлан-ғайыр жырлар, басқа да ауыз әдебиетінің нұсқаларын жасаған.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Қозыбаев: Тарих зердесі. Алматы., 1998ж. II том.
2. “Ақиқат” журналы 2001ж. № 10.С.Ақтаев: Абылайды бүкіл қазақ ханы ғып бекітпеген кім?
3. “Қазақтар” энциклопедиясы Алматы., 1998ж II-том.
4. Қ.Әбуов;Қазақстан тарихының “Ақтаңдақ” беттерінен.Алматы.,1994ж.
5. Қазақстан тарихы 1996ж. № 5.Г.Ысқақова: Қазақ мемлекетігін нығайтудағы Абылай ханның рөлі.
6. Қазақстан тарихы 1994ж. №1. Е.Уалиханов: Абылай және Жоңғар шапқыншылығы.
7. Н.Мұхаметханұлы: Тарихи зерттеулер. Алматы.,1994ж.
8. Қазақстан тарихы 2000ж. № 3. Жүсіпова Л: Мәшһүр Жүсіп Абылайдың хан атануы хақында.
- 9.Қазақстан тарихы 2000ж. № 3. Б.Л.Жүсіпова: Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы Абылай ханның ел билеу саясаты.
- 10.Қазақстан тарихы 2000ж. № 3. Б.Н.Мұхаметханұлы: Абылай ханның мәмілегерлік саясаттары.



УДК: 9.929.5

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1937-1938 ЖЫЛДАРДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯНЫҢ  
САЛДАРЫ****Бекболат Бекзат Қайратұлы**М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жаратылыстану факультетінің  
4курс білімгеріҒылыми жетекшісі-Данабекова Динара Ибаділдәқызы  
Тараз, Қазақстан

***Аңдатпа:** Бұл мақалада ғылыми айналымда жүрген деректік материалдар мен зерттеулерді пайдалана отырып, көрсетілген кезеңдегі, яғни 1937-1938 жылдардағы орталықта жүргізілген саяси репрессия тарихын зерделей отырып, оның Қазақстандағы жүргізілу ерекшеліктері мен көрінісін, зардаптарының мән-мағынасын тереңірек ашып көрсету болып табылады.*

***Кілт сөздер:** қуғын-сүргін, репрессия, ұлт, интеллегенция, буржуазия, террор, бюрократизм*

Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін халқымыздың санын азайтып, халықтың жағдайын төмендетті. Репрессияның тарихи зардабы мен салдарының көптігі соншалықты, біз оны әр салаға бөліп алып қарастыра аламыз. Әсіресе, репрессия тұсында ұлт интеллигенцияларынан тұтастай айырылды. Жалпы, ұлтымыздың интеллигенттері деп ой-санасы жүйрік, ғылымды меңгерген, өзіндік ойы мен санасы бар және де бастысы өз ұлтына жаны ашитын, сол жолда күрескен азаматтарды айтатын едім. Сол тұста репрессияның әлеуметтік салдарына - халық санының, қазақ ұлтының тым азайып қалуы еді. Жазсықсыз халықтардың саны әлі де болса толықтай зерттеліп біткен жоқ. 1937-1938 жылдары миллионға жуық адам атылып, екі есе миллион адам тұтқында болды. Түрмедегі тұтқындардан аты-жөндерін дұрыс сақталмаған. Тұтқында болған адамдар кейде жазаға шыдай алмай, өздерін өлтіргендер де болды. Еліміздегі ГУЛАГ жүйесі 53 лагерьді қамтыды. 1931 жылы Қарағанды лагерьі (Карлаг) құрылды. Саяси айыбы барлар осы лагерьге келді. Лагерь басқармасы Долинское селосына орналасты [13, 175-б.]. Бұдан басқа Луговой, Дальний, Степной сынды лагерлер болды. Ақмола облысының аумағында қасіретімен белгілі болған АЛЖИР - Отанын сатқан опасыздар әйелдерерінің Ақмола лагерьі ашылды, онда КСРО бойынша, соның ішінде Қазақстандағы да белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің әйелдері мен қыздары қамау мерзімдерін өтеді [14, 16-б.]. Барлық аймақта жұмысшы зоналары қалыптасты. Зоналарға тұтқындарды жаппай көп қабатты үйлер салуға мәжбүрледі. Әсіресе тұтқындар қаладағы тұрғын үйлер мен мектеп, аурухана салды. Сол жылдары Саран, Шахтинск, Абай аудандарындағы көптеген шахталары негізінен тұтқындардың күшімен салынды [15, 426-б.]. Тұтқындардың көбі жазаларын өтеп болған соң, сол аймақтарда қалып, өмірін жалғастырып жатты. «Буржуазиялық ұлтшыл» деген сылтаумен Алаш Орданың көрнекті қайраткерлері құртылды. Репрессия құрбандары 4292 адам болды, олардың 205-і өлім жазасына кесілді. Т.Рысқұлов, О.Жандосов, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, Б.Майлин сияқты басқа да мемлекеттік және қоғамдық қызметі үшін жүргендер және басқалар да жазаланды. Жаза ретінде «үштік» деп аталатын НКВД жүйесінің бөлімдері пайда болды. Олар заңға бағынбағандарды ешқандай үкімсіз-ақ жазаға тартты. 1936 жылы, ұлтшыл ұйым орталығының тапсырмасы бойынша, Сейфуллин халық жауы Сокольниковпен ұйымдық байланыс орнатып, оны Қазақстандағы антисоветтік (арандату) жұмысын жандандыру туралы нұсқау алған... [16] дерегі бар.

1937-1938 жылдар аралағында Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақұлы, Ұ. Құлымбетұлы, З. Төреғожин, С. Сегізбай, О. Исаев, Ж. Сұлтанбекұлы, Ж. Сәдуақасов, А. Асылбек, Т.



Жүргенов, О. Есқара, А. Досов, Н. Сырғабеков және тағы да біраз ұлт өкілдері жазаға ұшырады. Бұл саясат қазақ мәдениетіне зор зиянын келтірді. Бұл қазақ мәдениетіне көрсетілген үлкен зардабы еді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров, М. Жолдыбаев, Қ. Жұбанов, Ж. Шанин, Т. Шонанов, Қ. Кемеңгеров және т.б. қуғын-сүргіннің құрбандары болды [15, 430-б.]. Сол тұста астана болған Алматыға КСРО ның Жоғары Сотының заңгері А.Д. Горячев келіп, жаза шешімін шығарып отырды. 1938 жылы қырыққа жуық адам 25 ақпаннан 13 наурызға дейін ату жазасына кесілсе, сол шешімде С. Сейфуллин, С. Асфендияров, Т. Жүргенов, С. Мендешев, Ж. Сәдуақасовтар болды. 26 ақпан бұйрығымен, І. Жансүгіров, І. Қабылов, Ж. Шанин т.б. отыз сегіз адам жіберілді. 27-ші ақпанды 40 адам, 28-ші ақпанда 41 адам болды. Бұл тізімді наурызға дейін жалғастырды. Осылайша саясат құрбандарының тағдырын әп-сәтте ақ шешті.

Атылған азаматтардың ұлттық құрамына назар аударсақ, қазаға ұшыраған 631 адамның 70-75 пайызы қазақ интеллигенциялары екен [17, 32-б.].

М. Тәтімов «Зұлматтың ауыр зардабы» атты еңбегінде 1937-1938 жылдары қазақстандықтардың 44 мыңы түрмеде, ал оның 22 мыңы атылған деп айтады [18, 63-б.]. Тағы 1937 жылы Ежовтың құпия бұйрығында атылғандардың жерлеуін, оның жерін көрсетпеуін атап өткен. Кей зерттеулердің нәтижесінде ұлт саңлақтарының соңғы демі шығып, жер қойнауына кеткен жерін іздестіру барысында Алматы облысының Талғар ауданында Дикан жерінде екі мыңнан аса құрбандардың бар екені белгілі болды. Кейіннен ресейліктердің құпия сақталған құжатында 500 адам, бар жоғы он күнде атылып кеткен. Содан кейін-ақ дембіл-дембіл бірде 40-тан, бірде 37, бірде 19 мәйітті тиеген қаралы көлік осы жерге түн сайын қатынап отырған [19, 77-б.].

Стефан Куртуа, Никола Верт және өзге авторлар бірігіп жазған «Черная книга коммунизма: преступления, террор, репрессии, 95 млн. жертв» деп аталатын кітапта Кеңес өкіметі 60 млн. адамды репрессияға ұшыратқандығы, сондай-ақ репрессияның 1922, 1928, 1931 жылдары баяу, ал 1937 жылы наурыз-сәуірде өте жоғары деңгейде болғаны көрсетіледі [20, 200-201 б.].

Бұл тоталитарлық жүйеде қуғын-сүргін кезеңі болды, нәтижесінде үлкен концлагерьлер құрылды: Карлаг (Ер Ерекше режимдегі Қарағанды лагері), Дальний, Степной, Алжир - «Отаның сатқан» деген арнайы әйелдері мен олардың отбасыларының мүшелеріне арналған Ақмола лагері болды. Өткен ғасырдың 30-40 жылдарында мәжбүрлеп жер аудару әлеуметтік, содан кейін ұлттық себептермен жүзеге асырылды. Жазбаларға сәйкес, 1939 жылы, жаппай депортацияға дейін Қазақстанда 55 мың поляктар, 3,5 мың латыштар және 807 литвалықтар өмір сүрген. 1941-1945 жылдар аралығында фашистерге көмектесті деген жаламен 349 715 немістер, көптеген ингуштар мен шешендер, сондай-ақ болгарлар мен түрік-месхеттер Қазақстанға жер аударылды. 1946 жылы қазанда республикада 8 906 990 арнайы жер аударылғандар болды. Жалпы, 30-50 жж. Шамалы есептеулер бойынша, ГУЛАГ тұтқындарын қоспағанда, 1 560 000-дай адам Қазақстанға жер аударылды. 1920-1953 жылдар аралығында 100 мыңға жуық адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады (қазіргі уақытта 95 мыңға жуық адам ақталды). Қазақстанның барлық халықтары - 80-нен астам ұлт өкілдері сталиндік репрессияның құрбаны болды. Зерттеу нәтижесі бойынша 1926-1940 жылдары ұлт интеллигенцияларының көрсеткіші 14 есе артқан. Кейінгі, 1940-1960 жылдары қазақ саны 7 есеге азайған. Атап айтқанда, мәдениет саласындағы 1,5 есеге, медицина саласында 3 есе, байланыс қызметкерлері 4 есеге, ғылыми қызметкерлер 7 есе азайған. Жазаға іліккендердің 90 пайызын: жұмысшылар, төмен және орта топтар, мекеме қызметкерлері құраған. Бұл келеңсіз жайттар үнемі сақталып тұрмайтыны бәрімізге мәлім. XX ғасырдың 50-60 жылдарында әділетсіз саясаттың нағыз шындық беттері ашылып, тұтқында болған жазықсыз жанжарды босатты, әрі қарай осы мәселені қолға алды.



Сталиндік саясаттың 20-50 жылдарын тұжырымдап, жүйеге салатын болсақ, отандық беттерде өз таңбасын қалдырған 1937-1938 жылдарындағы үлкен террор оқиғасы ешқашан ұмытылмақ емес. Әуелі де саясатқа қарсы шыққандар деп айып тақса, кейін зұлматқа айналды. Қазақ зиялыларына қарсы бағытталған саясатты ешкімнің тоқтатуына әлі келмеді. Биліктің тоталитарлық жүйеде өріс алып, күшеюі бұл процесті өршітіп жіберді. Бұл жүйе «Ұлтшыл» атағынан басталып, «Халық жауы» таңбасымен қорлады. Тіпті «космополитшіл» ретінде ұсталып, абақтыға қамап, әділетсіз сот шешімімен жазаға ұшырап жатқандардың жанайқайын ешкім елемеді. Қайта бұл саясат түпкілікті түбірімен ұлт интеллигенциясын құртып, қайраткерлерімізді жасқаншақ, пасық әрі екіжүзді етіп көрсету еді. Осы кезеңде ұлт мақтаныштарымыз тар жол, тайғақ кешіп, қуғын-сүргінде жүрді.

Саяси террордың тағы бір өрескел тұсы - ел ішінде болған қиын ахуалды осы репрессия үлгісімен халықты тыныштандыру болды. Өтіріктен құралған саясатта, өз былықтарын басқаларға жабу, жүргізілген түрлі реформалардың орындалмай қалуының бәрін осылай жапты. Ал, осы кезде халықтың көзін ашып, олардан ерте қорытынды жасай алатын тұлғаларымыз - ұлт мақтаныштарымыз еді. 1937-1938 жылдардағы жаппай репрессиялау заң барысында тәуелсіз еркіндік пен конституцияның өзгертілінгені белгілі болып отыр. Жаппай қуғын-сүргінді ақтап, мұрағаттық материалдарды пайланып, әсіресе қолы жетпей жүрген сол тұстағы қара дақпен белгілі болған кезді, тың деректермен толықтырып, еңбектер ретінде шығып жатыр. Қазіргі кезде тарихшы және құқық саласындағы ғалым-зерттеушілеріміздің М.Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, Т.О. Омарбеков, К.С. Алдажұманов т.б. жаңаша ойда қорытып жазылған еңбектерін, әсіресе 1935-1950 жылдары аралығындағы саясатқа жауап табуда. Саяси қателіктен конформизм мен бюрократизм, жағымпаздану секілді көптеген адами дамуға теріс әсер ететін түсініктер болып алып, кең етек алды. Алаш зиялыларының «большевиктер ылаңы көпке кетер, биліктен кеткенше талайды былғап кетер», - деген мазмұндағы даналығының ақиқатына біз куә болып отырмыз.

Қорыта айтсақ, тарихсыз болашағымыз бұлыңғыр екені белгілі жәйт. Сол тұста анық-қанығын көрсетіп, халыққа табыстау тарихшылардың еншісінде бола бермек. Қысқасы, сол суық саясат осы жылы 82 жыл болыпты.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Романов Ю.И. Социальный национальный состав политических репрессированных в Казахстане. Проблемы формирования нового общественного сознания и построения гражданского общества в Казахстане. Алматы, 1996.
2. Нұрпейіс К. Қ.И.Сәтбаев 40-50-ші жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезеңінде. Қ.И.Сәтбаев және Қазақстанның қоғамдық ғылымдары (Мерейтойлық Сәтбаев оқуларының материалдары). Алматы, 1999.
3. Қозыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. Алма-Ата: Рауан, 1990.
4. Қуандықов Е. Интеллигенцияны «ұлтшылдыққа» айыптау. Ақиқат. 1998. № 9
5. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). Алматы: «Ана тілі», 1998.
6. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы: «Қазақ университеті», 1992.
7. Народное образование, наука и культура в СССР. Статистический сборник. Москва, 1971.
8. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Репрессия>
9. Росси Ж. Справочник по ГУЛАГУ, - М.: Просвет, 1991, - ч. 2;
10. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап. Алматы: Ғылым, 1998.



**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘДЕП НЕГІЗДЕРІ**

**Көлбай Әсемгүл Рысжанқызы**, магистр, оқытушы;  
**Сабденова Асия Салимханқызы**, магистр, аға оқытушы.  
Орталық Азия инновациялық университеті  
Шымкент, Қазақстан

*Андатпа.* Бұл мақалада қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымдағы этика туралы тұжырымдары талқыланады. Біздің халқымыздың ежелден қалыптасқан бірегей этикалық қағидаттары бар.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста ізгілік нормалары болып табылатын әдеп пен тәрбие адамзат дамуының алғашқы кезінен бастап-ақ пайда болды. Әдеп («ethos» деген грек сөзінен шыққан, дәстүр, адамгершілік деген мағына береді) — бұл мораль, адамгершілік туралы ілім. Ең алғаш «әдеп» терминін Аристотель (б.э.д. 384-322) практикалық философияны белгілеуде, адамдардың дұрыс, адамгершілікті қылықтар жасауда не істеу керек деген сұраққа жауап беру үшін қолданған. Жеке ұлттық және жалпы адамзаттық арналардан бас құрайтын әдеп үрдістерінің тарихы өте әріде жатыр [1,107 б].

Бүгінгі күнде әр ұлт өзіндік тарихымен, тілі мен мәдениетімен, ұлттық қасиет сапаларымен әдебімен жаһандану үдерісінде ерекшелене алады. Халықтық педагогика кеңістігінде XIV ғасырдағы Керей-Жәнібек хандығынан бұрынғы алты алаш (ғұн, сәнби, жужан, оғыз, қыпшақ, сақ)заманынан бергі даналардың парасатты идеяларының әдепке қатысты дүниетанымдарын әдіснамалық негізі бола алады. Қазақ топырағында әдептануды арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама-философ, әмбебап ғалым - Әбу Насыр Әл-Фараби. Ол этиканы жақсылық пен жамандықты айыруға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қарастырды. Оның түсінігінше, адам жаратылыстағы ең қасиетті жан. Сондықтан оған үлкен құрметпен қарау керек.

Количество помощников податных инспекторов менялось в течение времени. Это было вызвано тем обстоятельством, что Министерство финансов могло ввести в уезде должность помощника, а затем ее ликвидировать в виду разделения уезда на несколько податных участков. Так, помощник податного инспектора Павел Кунцевич был назначен в Бобруйский уезд Минской губернии сразу после введения закона 6 января 1897. В 1903 г.



Бобруйский уезд был разделен на 2 податных участка, и помощник податного инспектора Бобруйска уезда был назначен податным инспектором Рогачевского уезда Могилевской губернии, а должность помощника была ликвидирована [5, л. 99].

Важным шагом в совершенствовании податной инспекции стало принятие «Положения о податных инспекторах и их помощниках» от 24 мая 1899 г. Этот документ закрепил место и роль податной инспекции в финансово-налоговой системе, уточнил функции податных инспекторов и их помощников, определил положение податной инспекции в местной вертикали власти и управления. Кроме того, в «Положении...» впервые был установлен высший образовательный ценз для фискальных агентов [6]. Так, для податных инспекторов и их помощников были определены 3 главных условия для назначения на службу: наличие высшего образования, безукоризненные нравственные качества и подтверждение управляющим казенной палаты высоких профессиональных качеств этих чиновников. Эти условия предоставили возможность сформировать необходимый кадровый резерв. Кандидаты на должность помощников поступали на службу подготовленными к выполнению податных задач, набирались опыта, знакомились с тонкостями работы, а позже и сами становились во главе податной инспекции в своем или другом участке [4, л. 254]. В таком составе податная инспекция просуществовала до 1914 г. В 1914 г. была проведена реорганизация податной инспекции. В ее составе появилась должность младшего помощника. Помощник податного инспектора стал именоваться старшим помощником податного инспектора. В функции нового служащего входило ведение всей канцелярской работы [7, с. 50].

Таким образом, введение должности помощника податного инспектора было важным этапом в эволюции податной инспекции. Эффективная деятельность податной инспекции требовала усиление своего состава для реализации последующих налоговых реформ. Учреждение должности помощников податного инспектора решало несколько задач. Во-первых, помощники податных инспекторов имели необходимую практическую подготовку, что способствовало успешному замещению податных инспекторов на время их отпуска, болезни или командировки. Во-вторых, новая должность облегчала работу податных инспекторов делегированием определенных полномочий или же руководством в отдельной части податного участка. В-третьих, был сформирован необходимый кадровый резерв. Должность помощников открывала возможность замещать на должность податных инспекторов подготовленными специалистами, обладавшими необходимыми компетенциями со знанием особенностей податного дела в своем участке.

### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Об учреждении должностей податных инспекторов : № 2907 // Полное собрание законов Российской империи. Собр. 3 : в 48 т. – СПб., 2643 - 3435. – Т. 5. – 1885. – С. 179–181.
2. Российский государственный исторический архив (РГИА). Ф. 573. Оп. 20. Д. 212, Л. 110.
3. Об усилении общего состава податной инспекции и введении оной в областях Забайкальской, Амурской, Приморской и Якутской : № 13616 // Полное собрание законов Российской империи. Собр. 3 : в 48 т. – СПб., 13611–14860. – Т. 17. – СПб., 1900. – С. 2–4.
4. РГИА – Ф. 573. Оп. 20. Д. 225.
5. Национальный исторический архив Беларуси (НИАБ). – Ф. 333. Оп. 5. Д. 1221.
6. Положение о податных инспекторах и их помощниках : 16939 // Полное собрание законов Российской империи. Собр. 3 : в 48 т. – СПб., 16310–17967. – Т. 18. – 1902. – С. 514–518.
7. Петров, Ю. И. История становления податной инспекции в западных губерниях России в конце XIX столетия / Ю. И. Петров. – М. : URSS, 2015. – 215 с.





УДК45:12.36

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ТАНЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ОҚЫТУ****Раймбекова Халида Ахылбекқызы**«Мирас» университетінің аға оқытушысы, магистр.,  
Шымкент, Қазақстан

***Аннотация:** В статье рассматриваются когнитивные особенности лингвистики, природа системы мышления человека, ее внутренние закономерности и процессы познания и познания языковых и коммуникативных единиц при обучении казахскому языку.*

***Кілт сөздер:** Тіл білімі, танымдық лингвистика, қазақ тілін оқыту, теория, таным териясы, психофизиология мәселелері, логика-философия заңдылықтары, тарих-этнография деректері.*

Тіл білімі ғылымы осы жылдары біршама жаңа да маңызды бағыттарды қарастырып, ғылымилықтың теориялық және практикалық қырлары бойынша терең қалыптасып алып дамып келеді. Дәл осындай бағыттар бүгінгі таңда өмірдің талабы және уақыттың сұранысы бойынша пайда болып отырғаны даусыз.

Жалпы алғанда танымдық лингвистиканың тіл арқылы бізді қоршаған ортаны, адами құндылықтарын, қоғамдағы болып жатқан әртүрлі құбылыстар мен жаратылыстың санқырлылығын танып білу арқылы ғылыми тұжырымға негізделген теориясын қарастырады. Сол себепті де қазақ тілін оқыту кезінде танымдық лингвистика ғылымы білімнің мазмұнын, танымдық бағыттары мен аспектілерін түрліше қырынан ғылыми негіздеп және адамның таным үдерісіне байланысты білімі мен ілімін тереңдете түсіп, тәжірибесін байытады.

Қазақ тілін танымдық бағытта оқытудың ең маңызды мақсаты деп тіл білімінде кездесетін танымдық теорияның ғылыми негіздемелерін меңгерту арқылы теорияны практикамен ұштастыра дамытып, әрбір тілді үйренушінің ой-өрісін кеңейтіп, байытады [1,17 б.].

Осы аталған басты мақсаттың іске асуы үшін орындалатын міндеттер де бар. Олар қазақ тіл білімі мен танымдық лингвистиканың өзара байланысу дәрежесін жоғары көрсете білу; тіл біліміне қарасты танымдық теориясының басты ережелерін меңгеріп, оны қоғамда және өмірде дұрыс қолдана білу; қазақ тілін оқыту кезінде оның өзге салалармен өзара байланысын жүзеге асыру; оқыту барысында оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін, түйсігін, қоршаған ортаны зерттеп тану қасиеттерін, жеке ой-пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағдыларын дамыту, олардың дүниетанымын кеңейту; ой, ес, тіл байланысы арқылы тілдік қатынасты жете түсіндіру, таным үрдісін жан-жақты іске асыру. Тіл пішін мен мазмұн бірлігінен тұратын тілдік құралдардың жиынтығынан, олардың өзара байланысу ерекшелігінен сұрыпталған күрделі де әмбебап құбылыс болғандықтан ғалымдар оның құрылымдық-жүйелік өзгешелігін қазақ тілін сапалы оқытуда жан-жақты пайдалануға болады деп есептейді.

Лингвистика қоғамдық ғылымдармен де, психофизиология мәселелерімен де, логика-философия заңдылықтарымен де, тарих-этнография деректерімен де сабақтаса дамып келеді. Осы орайда тілдің шығу тегін, табиғатын, қызметін саралау мақсатында тілшілер адам, ойлау, таным, халық, қоғам сияқты ұғымдардың мән-мағынасына ерекше көңіл бөледі.

Адам ойының әрекеті, үздіксіз дамуы мен пайымдау үдерістері психофизиологиялық, пәлсапалық өлшемдерді қалыптастырып келеді. Сол себепті лингвистер тілді оқытуды қарапайымнан күрделіге, жалқыдан қарай айқындалатын, үнемі



толығу, өзгеру үстінде болатын әрекеттер тізбегі деп қарастырады. Қазақ тіл білімінің теориялық тұжырымдарын жан-жақты сұрыптай келе, дүние жүзі тілдерімен қатар өз ана тіліміздің әлеуметтік дәрежесін, танымдық мүмкіндігін, этнопсихологиялық пайымын зерттей отырып, іске асыру-тіл мамандарының алдында тұрған аса күрделі де маңызды мәселелердің бірі.

Тіл білімі мәселелерінің өзектелуі мен тілді оқыту жүйесі адамдардың жалпы биологиялық шығу тегі мен эволюциялық дамуынан, психофизиологиялық өзгешелігінен туындайды. Адамның бойына бітетін ойлай алу, сөйлей алу, есте сақтау, қабылдау, пайымдау секілді қабілеттер нейрофизиологиялық механизмнің әрекеті деп танылатындықтан, тілдің қолданылу мүмкіндіктері мен функционалдық ерекшеліктері адамның іс-әрекетімен тоғыса қалыптасады. Сондықтан тілді оқыту мен игеруді оны дамытушы, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші адамзат болмысынан бөле қарауға болмайды.

Тіл ғылымының танымдық ерекшелігі адамның ойлау жүйесінің табиғатын, оның ішкі заңдылықтарын қарастырудан тұрады. «Тіл-амал, құрал, оның арқасында адам бірімен-бірі қарым-қатынасқа енеді, пікір алысады және бірін-бір түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан, сөзді және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады. Демек, адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылысында тіркеледі, сөйтіп адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасайды» деп көрнекті ғалым Сәрсен Аманжолов атап көрсеткендей тіл мен таным ұғымдардың сабақтастығы тілдік құралдар арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі (Қазақ тілі теориясының негіздері А., «Ғылым», 2002, 89-б.). Психология, логика, пәлсана ұстанымдарымен тығыз байланыста айқындала отырып, танымдық лингвистика сана, қабылдау, сыртқы әлеммен үздіксіз байланыста болу, тану, бақылау, пайымдау сияқты ұғымдардың ұштасуы негізінде дәйектеліп келеді. Бүгінгі күні лингвотанымдық зерттеулер тілді танымдық әрекеттің жемісі деп қарастыру арқылы адам бойында ерекше табиғи қабілеттерге көңіл бөлуді мақсат етіп отыр. Зерттеушілер адам тілді саналы түрде ғана қолданбайды, ол рефлексті түрде санасында орныққан танымдық қорды ретімен пайдалану арқылы қарым-қатынас жасайды, ойын сыртқа шығарады, пікірін айтады, тіпті жаңа затты да сәйкестендіре-салыстыра таниды деп есептейді.

Тіл мен оның ішкі-сыртқы мүмкіндіктерін саралайтын бірліктерді таза формалық көрсеткіш ретінде ғана емес, идеялық, ұлттық-мәдени, танымдық тұрғыдан оқушы санасына ұялату тілді терең білуге мүмкіндік жасайды.

Қазіргі тілдік зерттеулер ой, таным, тіл ұғымдарының ажырамас бірлігіне негізделген тың теориялық тұжырымдармен, ғылыми ұстанымдармен әркез толығып отыр. Тілдің қоршаған болмыспен қарым-қатынасын анықтау, олардың үйлесімді сабақтастығын көрсету, филогенез, этногенез ұстанымдарын ғылымаралық байланыстың нәтижесі деп зерделеу-бүгінгі оқытудың жаңа бағыттары. Білім мен таным үдерістерін қоршаған әлем заңдылықтарынан туындайтын факторлар ретінде қабылдағанда ғана адам санасының қызметі, қабылдау, тану әрекетінің табиғаты жан-жақты көрінеді [2, 21 б.].

Қазақ тілін оқытуда тілдік және қатысымдық бірліктер білім мен таным үдерістерін біріктіреді. Әсіресе сөз коммуникативтік тұлға ретінде әрі атаулық, әрі танымдық қызмет атқарады. Өйткені, сөз-сөйлеу, пікір алысу үрдісіндегі ең басты тұлға. Сөз жеке тұрғанда заттың, сынның, қимылдың т.б. атауы болып номинативті қызмет атқарса, тіл арқылы қарым-қатынаста белгілі бір жағдайға, ортаға байланысты жұмсалып, қарым-қатынастық қызмет атқарады. Тіптен мәнмәтінсіз дербес қолданылып, грамматикалық тұлға ретінде әр түрлі дауыс ырғағымен айтылса да әрі хабарлау, әрі қабылдау мәніне ие болады. Осындай жағдайлардың барлығында сөз белгілі бір ойды білдіре келіп, екінші адамның санасы арқылы қабылданады. Қандай болсын хабарды, деректі, ойды қабылдаған адам оған жауап қайтаруға тырысады. Тілдік қарым-қатынас жұмсалып, қатысымдық байланысқа түскен сөз



айтылар ойға қатысты нақтылы мағынаны білдіреді және басқа тұлғалармен біртұтас жұмсала келіп, тиянақты ойды, мазмұнды көрсетеді.

Сөйлеу үдерісіндегі ерекшелігі-ол нысандық шындық пен өмірге байланысты ұғымдарды сананың қабылдауы нәтижесінде ойда бейнелейді де, тілдік қатынаста іс жүзіне асырады, дыбысталу арқылы сыртқа шығарады. Сонымен қатар іс-әрекет жүріп жатқан ортаның әсерін, адамның көңіл-күйін де қоса білдіреді. Адамның көңіл-күйі оның өзіне тән мінезімен, пікірлесу қабілетімен ұштасып жатады. Адамға әсер ететін сыртқы орта оның танымын жетілдіреді.

Қазақ тілін оқытуда сөздің мағынасын түсіндірумен қатар сол мағынаны қалай, қандай тіркесте қолдана білу керектігіне ерекше мән береміз. Өйткені жеке лексикалық единица ретінде сөз адам ойын, көзқарасын толық білдіре бермейді. Бір адамның екінші адамға жеткізейін деген пікір-көзқарасы қажет сөзді дұрыс таңдап алумен бірге оның қандай мәнмәтінде көрініс тауып тұрғандығына байланысты. Сөздің дұрыс тіркесуі, басқа сөзбен жымдасуы, айтылар мәнері мен ырғағы баяншының (айтушының) сөйлеу қабілетін көрсетеді. Сондықтан сөзді, оның мағынасын оқыту барысында сөз арқылы жеткізілер басты ұғымды, онымен тіркесетін тілдік бірліктерді де нақтылы мысалдармен дәлелдеген тиімді.

Ұғым-адам санасында танымдық бейне туғызатын ерекше құрылым. Себебі адам бейнелеуіндегі әлем, бір жағынан, жеке тұлғаның субъективті танымының жемісі болса, екінші жағынан, ол кез келген қабылдаудың астарында жататын қоғамдық факторлармен де үздіксіз байланыста дамиды ортақ тәжірибелік көрсеткіш болып табылады. Танымдық құрылымдар пәнді меңгеру барысында әр түрлі тілдік құралдар арқылы сипатталып, әрқелкі деңгейде қабылданады. Тілді жалпы танымдық механизм ретінде қолдану тілдік бірліктерді терең игеруге септігін тигізеді [3, 78 б.].

Сыртқы ортаның, жаратылыстың әсерінен айтылған ой сөйлеушінің мүддесіне, көзқарасына, берілген эмоционалды бағасына әрі жағдайдың нақтылау үлгісіне және өзге де сыртқы факторлардың әсеріне тәуелді болады, осы аталған көрсеткіштер негізінде айтылым қабылданады және жадыда сақталады, яғни сөйлеуші мен тыңдаушының ішкі танымдық құрылымы мен динамикасын сипаттау және түсіндіру үрдістері тілтанымдық алғышарттарды қалыптастырады.

Қарым-қатынас нормалары тілдік және бейвербалды амалдар арқылы да жүзеге асып отыратындықтан адам танымының даму сатылары қатарында жеке тұлғалардың сыртқы бет-пішіні, жанары, дауыс ырғағы, жүріс-тұрысы да сипатталады. Олар тілдік жағдайдың тыңдаушыға ықпалын негіздейтін, бақылаушының танымын уәждейтін құралдар ретінде танылып, антропоцентристік зерттеулердің психо-әлеуметтік негіздерін танымдық тұрғыдан айғақтауға септігін тигізеді [4, 56 б.].

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқытудың қайнар көзі-тілдік материалды әдебиетпен сабақтастырып, пәнаралық байланыстың негізінде ғылым мен білімді өзара тоғыстыра отырып, жеке тұлғаның рухани әлемін байыту, баланың өзіне тән көзқарасы мен пікірін қалыптастыру. Ашық әңгіме, ойлы сұхбат, пікір еркіндігі, әдебиет қағидаларын қазақ тілі сабағында пайдалана білу, ұнамды образдардың әдемі қасиеттерін оқушы бойына сіңіріп, оны өмірмен ұштастыра алу; дүниені, ортаны, адамды жан-жақты зерттеп тани білу, тілдік материалдар арқылы сыртқы қоршаған ортаны оқушы өз ой-санасымен зерделей отырып, тілдік қатынасқа түсу, т.б. – барлығы оқыту жүйесін жаңаландырып, білім беру үрдісін тереңдете түседі. Қазақ тілі сабағында сөз бен сөйлемді, тұрақты тіркес пен мәтінді меңгерту үшін оқушыға ой салу, ойланту, өз пайымын тіл арқылы дәл, нақты, шешен жеткізе білуге жетелеу ұстаз тарапынан көп ізденісті қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде ұстаз Қанипа Бітібаеваның «Ой салу- ұстаз тарапынан, ойлану – шәкірт тарапынан, ойланту – ұстаз тарапынан, шешімге келу – оқушы тарапынан болу керек» деген пікірінің психологиялық жағынан дұрыс тұжырым екендігін атай кеткен жөн. Өйткені



таным үдерісі, біріншіден, ұстаз бен оқушының бірлескен әрекеті арқылы іске асса, екіншіден, олардың әрқайсысы жеке тұлға ретінде түрліше әсерге бөленеді. Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту мынадай мәселелерді қамтиды.

1. Қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын бағдарламаға сәйкес тілдік қағидаларды басшылыққа ала отырып, жалпы адамзатқа тән қасиеттермен сабақтастыра білу сабақтың білімдік мақсатымен қоса танымдық мақсатын жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл оқушыны адам жанын түсінуге, адами қасиеттерді меңгертуге жетелейді. Білім мазмұнын танымдық үдерістермен (қабылдау, ойлау, сезіну, өзіндік пікір түйу т.б.) байланысты меңгерту қазіргі танымдық лингвистика ілімін психология ілімімен тығыз байланыстырады.

2. Сабақ барысында жеке тұлғаның психологиялық жай-күйін ескере отырып, оның есте сақтау қабілетін, жадысын, кез келген ақпаратты қабылдау дағдысын, шешімді пікір, дәлелді мысал келтіре алу қабілетін жетілдіру тілдік материалды дамыта оқытумен байланысты. Берілген тақырып ішінен ең қажетті, ең пайдалы мәселені сұрыптап, таңдай білу оқушының ойлау қабілетін ұштап, соған сай әрекет етуге жетелейді. Адамның тілдік әрекеті жалпыға ортақ танымдық қабілеттерден туындайды. Ойды сыртқа шығару кезінде сөйлемді дұрыс құрастыру, логикалық қорытындылар жасау, таныс мәліметтерден жаңа деректер жинақтау, оларды жоспарлау мен жүзеге асыру- жеке тұлғаның өзіндік ерекшелігін аңғартар үрдістер.

3. Сабақтағы материал сынып шеңберінен шығып, табиғи ортамен тығыз байланыста бола келіп, бала өсіп жетілетін, әсер алатын күнделікті қоғамдық өмірмен астасып, ұштасып жатса, теориялық білім практикамен жалғасып, баланың ой-өрісін, сана-сезімін кеңейтеді.

4. Тілдік және қатысымдық бірліктердің мағыналық ерекшеліктерін нақты мысалдармен түсіндіріп, әр сөздің мағыналық реңкін тіркес пен сөйлем құрамында қолдана отырып ойды түрлендіруге болатын мүмкіндіктер жасау, сөзді әр түрлі жағдаятқа сәйкес бейнелі жеткізуге үйрету оқушының танымдық қабілетін жаттықтырады.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту берілген білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын кеңейтеді, өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Қазіргі дидактика. Оқу құралы. – Алматы: ғылым, 2006 ж.
2. Қалиев Ғ., Оралбаева Н., Қасымова Б., Шалабаев Б., О.Төлегенов. Қазіргі қазақ тілі: Жаттығулар жинағы (Көмекші оқу құралы). - Алматы: «Ана тілі», 1997 ж.
3. Мемлекеттік тілді оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану. Семинар бағдарламасы. Шымкент, 2007 ж.
4. Байзақ Ү. Оқытудың кредиттік технология жүйесі. Таным және тәрбие. №4, 2005 ж.



ӘОЖ 821.512.122

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС САРЫНЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Копбосынов М.А.,

«Мирас» университеті,

Сапар Жансая Амангелдіқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті, «Мирас» университеті,  
Шымкент, Қазақстан

*Аннотация:* В этой статье анализируются достижения и особенности великого мыслителя, исследователя религиозного мировоззрения, также рассматриваются вопросы отношения мудрого Абая к восточной философии и поэзии.

*Кілт сөздер:* Абайтану, дүниетаным, ой-пікір, діни көзқарас, шығармашылық ізденіс, М.Әуезов, шығыс мәдениеті, ұлы ақын, рухани нәр.

Ұлтымыздың ұлы ақыны – Абай. Абайдың абырой-беделі көзі тірісінде-ақ біраз жерге жеткен. Өзі дүниеден өткеннен кейін күн санап ақын даңқы кеңейе түсті. ХХ ғасырдың басынан бүгінге дейін ұлы Абай есімі, оның әдеби мұрасы назардан тыс қалып көрген емес. Бұл күнде Абай биігі оқшауланып тұр. Бүгінде Абайтану жеке ілім болып қалыптасты. Күн артынан күн өткен сайын Абай жаңа қырларынан танылып, Абай шыңы одан әрі биіктеуде. Қазақ әдебиетінің тарихында ең көп зерттелген сала – Абайтану жүйесі. Дегенмен, шын алмастың алуан қырынан асылданатыны секілді, ұлы ақын мұрасы да мұратқа сай адамдардың дүниетанымдарының кеңейіп, жаңа көзқарастардың қалыптасуына орай әр кезде де сан қырынан жарқырап ашылудан бір танған емес.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі жазылған шығыстық ой-пікірлерді, мағлұматтарды жан-жақты, шама-шарқымызша талдап, бұлардың Ислам дінімен қаншалықты сабақтасатынын көрсетіп беру. Ол үшін Абайдың Шығысқа қатысын көбірек қарастырамыз. Өйткені, М.Әуезов: «Абайға Шығыстан кірген бұйымдардың басы – Исламдіні»– деп көрсеткенде бұл пікірдің түп-төркінінде үлкен тарихи шындық жатқанын ескеріп барып айтқан [1,236б.].

Абай мұрасының рухани бұлағының бірі–Шығыс әдебиеті осылардың қатарынан орын алады. Абайтанудағы жаңа сұрлеу, тың тақырыптық талдаулар, әсіресе ақынның шығыс әдебиетінен алған тағылымының орны мен мәні, діни көзқарастарының зерттелуі бүгінгі тәуелсіздігіміздің үлкен бір олжасы іспеттес. Бұл кезге дейін ғылыми тұрғыдан батыл түрде зерттелмеуінің бірнеше себептері бар. Осы себептердің біріншісі – Абайдың шығысқа қатысы жайындағы деректердің аз болуы. Мәдениеті ерте дамыған халықтардың қай-қайсысын алсақ та, олардан шыққан атақты ақын-жазушылардың, ойшылдардың оқыған кітаптары мен қолжазбалары, күнделіктері мен хаттары, т.б деректерінің түгелге жуық сақталып, зерттеушілеріне үлкен жеңілдіктер тудырып отырады.

Ал екінші себеп-тұрпайы социологиялық, компаративистік танымдағы ой-пікірлерге ұрынғандар мен саясат шылауына шатаққандардың абайтану бағытында жүргізілген жұмыстарға саналы түрде кедергі жасаулары. Ал мұның өзі ақын шығармашылығын қызу ат салыса зерттеуге ұмтылған ғалымдардың бет алысын тежеді. Сөйтіп, бұл игілікті, тарихи маңызы зор істі бірнеше жылға кешеуілдетті.

Үшінші себеп – зерттеушілердің Абайдың ақындық кітапханасында қамтыған дерек-мағлұматтарды анықтап, нақтылай оқып білуге араб, парсы, шағатай тілдерін жете білмеуі. Және бұған қосымша, қазақ жазуы аз жылдар аралығында үш рет алмасып кетті. Осыған байланысты жас ұрпақ ертеде араб жазуымен басылым көрген деректер көзін оқып тану мүмкіндігінен айырылды.



Абайдың Шығысқа, оның ішінде Исламға қатысының зерттелмеуіне ең басты кедергі болған нәрсе СОКП ОК-нің Ұлы Отан соғысынан кейін қабылдаған қаулыларының ішінде 1949 жылы алынған космополитизм туралы арнайы саяси-идеологиялық мақсатпен қабылданған қаулысы қалың оқырман қауымға беймағлұм кедергілер тудырды. Осы қаулының әсерінен ақын дүниетанымының қалыптасу жолындағы рухани қайнарлары жайында пікір айтқан тарихшылар, философтар мен әдебиетшілер орыс, Европа мәдениетінің Абай мұрасына әсерін жөнсіз асыра көпіртіп көрсетіп, Абайдың шығыс мәдениетіне қатысы жөнінде мүлдем сөз қозғамады. Бірақ осындай саяси-идеологиялық қыспақтың қауіп-қатеріне қарамай, бұл салада өнімді пікір айтқан, тиіп-қашып болса да зерттеумен айналысқан данагөй ағаларымыздың болуының өзі зор мақтаныш.

Тіпті, осы күнге дейін Абайдың өзі шығармаларында атап көрсеткен шығыс деректері де орынсыз назардан тыс қалып келді. Бұл мәселенің қыры мен сырын тереңірек ашу үшін Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы деген арнайы түрде зерттеуді уақыт талабы алға шығарып отыр. Өйткені Абайдың өзі:

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім

– деп босқа айтпаған. Бұл сөзден Абайдың шығысқа қатысы туралы мәселеге ақынның өзі де елеулі мән беріп, соны меңзеп отырғанында талас жоқ.

Ұлы ақынның шығысқа қатысы туралы сөз ету, зерттеу ұлт тәуелсіздігінің үлкен бір жеңісі іспеттес. Абайдың шығысқа қатысы толық тану үшін ақындық кітапханасының көлемі мен жайын зерттеуді алға тартпақпыз. Оның өзі жүйелі түрде жан-жақты зерттеудің қажеті туып отыр.

Абай шығыс мәдениетін тереңдеп оқып үйренуде, әрі оны шығармашылық жолмен меңгеруде шығыстың әртүрлі тілдерге қаншалықты дендей білді. Бұл сұраққа М.Әуезов: «Абай жақсы ұғынатын шағатай, түркі кітаптарымен қатар тілін қиналып түсінетін араб, парсы... тіліндегі кітаптар»– деп жіктеп көрсетеді [1, 217 б.].

Абайдың шығысқа қатысы белгілі ғалым Р.Бердібаев былай дейді: «Түркі тілінде дүниеге келген көптеген кітаптар мен қолжазбалар, аудармалар ұлы ақынның ең көп танысқан мәнбелері деп қарауға болады. Абай есімдерін зор құрметпен атап, медет тілеген шығыстың бір топ шайырлары парсы және түрік тілінде жазатындар».

Абайдың осы аталған шығыс поэзиясының классиктерімен алғаш танысуы медреседе басталады. Абайдың 1858 жылы медреседе алғашқы тәжірибесіне, ортасына байланысты жазған өлеңінде шығыстың, түркі тілінің әсерін көреміз. Араб-Иран мәдениетінің тарихын тереңдеп зерттеген Абай Рашид-ад Дин, Мұхаммед Хайдар, Бабыр, Әбілғазы Баһадүр Хандай арғы-бергі тарихшылар еңбегін де жақсы білген. Бұған дәлел ретінде Абайдың «Біреу сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласына сүйене отырып, Шыңғысхан жөніндегі деректерді Рашид-ад Диннен, қазақ хандары жайлы мәліметтерді Бабыр мен Әбілғазыдан алғанын білеміз. Абай араб тілімен әдебиетін Науаи, Низами, Физули дәрежесінде білмеген болуы мүмкін. Сондықтан араб ақындарының шығармаларын оқи алмаған болар. Сондай-ақ араб философтарыда сол тілде оған бейтаныс, белгісіз болып қала берсін делік. Ал ол араб тілінде Исламның қағидалық әдебиетін оқи білді. Бірақ Ислам ерекше араб діні емес, ол әлемдік дін.

Абай қазақ халқының рухани болмысында елеулі орын алған, шығыс тарапынан ауысып-түйісіп келген әдеби шығармаларға, өзіндік жанрлық сипат алған қисса-дастандарға мейлінше мол назар аударған [2, 243б.]. Абайдағы ақындық өнер жолының өсу, қалыптасу жолында шығыстың қисса-дастандарының маңызы үлкен болған. Олардың қазақ даласына келудегі бастау алар түп-төркіні жағынан қарастырғанда, олардың үш ошағы, яғни, рухани қайнар көздері барлығы байқалады. Оларды жеке-жеке даралап болсақ, арғы жағы үнді-арабтан, орта тұсы парсыдан, бергі жағы түркі тілді туысқан халықтардың



рухани әлемінен ауысқаны байқалады. Бұл жөнінде М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында: «Абай парсы тілінен, бұрынғы білген тілдерін қайта құрастырып алды... Ғабитхан кітаптарының ішінен көп-көп асыл бұйымдар тапты. Мұнда Фирдауси, Низами, Физули, Науаи, Бабырлар бар. «Жәмшид», «Сәйдбаттал ғазии», «Мың бір түн», «Табари жазған тарих», «Жүсіп-Злиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғлы» сияқты хикаядастандар бар»—деп 25 жасқа дейінгі Абай танымының шығыстық түп төркіндерін көрсетеді. М.Әуезов атап отырған осы қисса-дастандардың өзіне ғана ой жіберсекте «Мың бір түн», «Жүсіп-Злихалардың» арғы төркіні араб әлемінде жатыр. Ал, шығыс поэзиясының ұлы классиктері мен «Ләйлә-Мәжнүндер» парсымен түркі тілдес халықтардың рухани қазыналарына қарай тартса, «Көрұғлы» ортаазиялық дүниелігінде жатқаны көпшілікке танымал деректер [2, 126 б.].

Бұл күнге дейін ұлы Абай дүние танымы зерттелмеді емес, керісінше, молынан зерттеліп, кең тұрғыдан сөз болып келеді. Философ ғалымдар аянып жатқан жоқ, жыл өткен сайын зерттеу еңбектерін молықтырып келеді. Бірақ оларды адастырып, қырын жолға түсіріп жіберген кеңестік тоталитарлық идеологияның евроцентристік танымы (КПСС ОК 1949 жылғы космополитизм туралы қаулысы) болатын. Осы талап тұрғысынан кеңестік замандағы Абай мұрасының рухани нәр алған қазына көздердің бір арнасы болып табылатын, әрі абайтануда үшінші орында тұратын орыс және европалық рухани қазына көздеріне шешуші мән беріліп, жасанды түрде бірінші орынға көтерілді. Осы себепті абайтану жолындағы ғылыми-зерттеу еңбектердің басты нысанасына, негізінен осы сала қарқын ала дами бастады. Абай дүниетанымын танып-білуде екінші орында тұратын Шығыстың рухани қазына көздеріне баруға, зерттеу еңбектерін жүгізуге тиым салынды. Яғни Абай мұрасының Шығысқа қатысы, шын мәнінде қорғаусыз, зерттеусіз, ескерусіз қала берді.

Абай мұрасының Шығысқа қатысы терең танып зерттелмейінше Абай дүниетанымын толық мәнінде дәлелдеп, шеше алмайтымызды ғалымдар толық сезінуі себепті, бүгінгі абайтану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары осы бағытқа ауа бастағанын, көш басы дұрыс бағдар алғанын жұртшылық іштей сезініп мақұлдап отырды.

Тұңғыш рет Абай мұрасын танып білудегі Алаш азаматтары бастаған табиғи-тарихи жол, яғни, Абай мұрасындағы ой-қабаттарын дәстүрлі жолмен жалғастырып, ұлттық мұрат ретінде танып-білу, жұртшылыққа таныту міндеті алға қойылды. Бірақ Қазақстанның қоғамдық ойында 1923 жыл мен 1937 жыл аралығында Абай мұрасын жау идеология ретінде танып, оны атамұра ретінде мүлде терістеу, тіпті аластауды мақсат еткен тұрпайы социологиялық таным мен компоративистік көзқарас үстем түсіп жатты. Бірақ осы зиянды тұрпайы социологиялық танымның топан суша қаптаған ботана тасқынынан бөлек, мөлдір сулы бұлақтың көзіне айналған М.Әуезов, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, және шетелде жарияланған Е.Тұрсынның «Абай – Түркістанның бас ақыны» деп аталатын ғылыми-зерттеу мақалалары абайтанудың дұрыс жолдағы бағыт-бағдарын көрсетті, яғни, абайтанудың келешек көшін даңғыл жолға түсуіне ықпал етті.

Одан бертінде ұлы ақын дүниетанымын әр саққа бұрмалаушықтар болды. С.Мұқанов, І.Қабылов, Б.Мустамбаев, І.Жансүгіров, Ә.Мәметова, Х.Ақназаров, Д.Мергеншин т.б зерттеушілер Абай дүниетанымын, Шығысқа қатысын бағалауда ақиқаттан алшақтап кетті.

Абайтану тарихының М.Әуезов дәуірінен кейінгі кезеңде, әсіресе, тәуелсіздігімізбен қайта қауышқан тұсымызда ақын дүние танымы, оның шығысқа қатысы сөз бола бастады, әрі, өнікті еңбектерде жарық көре бастады. Бұл ретте А.Машановтың «Әл – Фараби және Абай», Ғ.Есімовтың «Хакім Абай», М.Орынбековтың «Абайдың философиялық көзқарасы», М.Мырзахметовтың «Абайдың адамгершілік мұраттары», «Абай және Шығыс», «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» т.б. бірқанша еңбектерді атап өтуге болады.



Бүгінгі абайтанудың даму жолындағы басты ерекшелік кеңестік биліктің кезінде-ақ ақын мұрасына таза таптық таным тұрғысынан қойылатын партиялық талаптың шеңберінен шыға бастағаны байқалады. Ал еліміз тәуелсіздік алысымен-ақ абайтану саласында, әсіресе, ол мұра туралы жазылған монографиялық зерттеулер мен мақалаларда еркін ойлылық, мәселені ашық қою, жаңа танымдағы ой-пікірлерді, сонғы дерек мағлұматтарды, тіпті, Абай мұрасының Исламиятқа қатысы бүкпесіз айтыла бастады.

Абай мұрасының рухани нәр алған қазына көздерінің қай саласы болса да ақын кітапханасының көлемі мен жайына айрықша мән беріп отырмаса, зерттеуші атаулының бәрі де теріс бағыт-бағдарға ұрынып қалуы қиын емес. Мысалы, Абай дүниетанымын бүгіндері дүниежүзіне таралып отырған кришналық дүниетаным негіздеріміне байланыстыра қарауға ұмтылған Досым Омаровтың «Ұлылар үндестігі немесе Абайға жаңаша көзқарас» деп аталатын монографиясындағы әрекеті дініміз бен ұлттық рухымызды айдаладағы кришна дініне теңеудің өзі рухани болмысымызға кері әсер етері хақ. Бұл еңбектегі басты қателік – Абайдық ақындық кітапханасының көлемі мен жайы туралы мәселеге мән бермей, Абайдың тікелей кришналық діни іліммен ұштастыра қарауында жатыр. Егер автор Абайдың ақындық кітапханасының көлемінде кришнаға тырнақ ілігер нақтылы дерек көзін тауып барып, зерттеу ісін қолға алса, әрине, негізі бар нәрсе болып шығар еді. Негізі болмағандықтан автордың ой танымдары бұлдыр сағымға айналып кеткен. Немесе, кезінде тұрпайы тотолитар таным әсерімен Абайдың Шығысқа қатысы, оның ішінде дүниетанымы мен дінге қатысы атеистік көзқараспен орынсыз дәлелденбек болғаны да көпшілікке мәлім.

Қорыта келгенде, М.Мырзахметов атап көрсеткендей: «Абай дүниетанымының қалыптасу негізінің бірі – ақын мұрасының рухани нәр алған қазына көздерінде, онда да оның Шығыстық жағалауында жатыр. Әсіресе, Абайдың адамшылық идеалы болған «толық адам» туралы ілімінің дерек көздерін сопылық-классикалық поэзия мен ғылыми-теориялық еңбектерден көре аламыз. Өйткені, Абайдың дүниетанымындағы асу бермес биік белестей көсіліп жатқан адамшылық жолдағы асыл мұраттары – Ислам әлеміндегі сопылық ілімімен тікелей байланыста жатқан рухани құбылыс екенін мойындауға тура келеді. Шығыстың классик ақындарының бәрі де сопылық поэзияның ірі өкілдері екенінен қашсақта құтыла алмаймыз. Олардың сопылық поэзиядағы дүниетаным мен рухани бірлікте жатқанын ұмытуға болмас» – деп бар шындықты дөп басып, көрсетіп еді [3].

Бүгінгі зерттеуші-көпшілікке Абайдың дүниетанымы туралы күрделі проблемаларды Шығыстан ажыратпай, қазақтың ұлттық философиясы негізінде қарастыру арқылы абайтану саласында жаңа бағыт-бағдарды ұсынып отыр. Бұл ұлттық дәстүр келешекте жаңа буын жас ұрпақтар тарапынан жалғастық таба беретініне сенеміз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев, Мақалалар мен зерттеулер. А - «Жазушы», 1979ж
2. Әуезов М. «Абай жолы» I том, Алматы қаласы, 2008ж.
3. М.Мырзахмет, «Абай және Шығыс»// «Қазақ әдебиеті» 2005ж. 19 тамыз, №34





ӘОЖ 004

## КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ТІЛДЕГІ ОРНЫ ЗЕРТТЕЛУІ

Усербаева Малика Ақылтайқызы

«Мирас» университеті,  
Шымкент, Қазақстан

*Аннотация.* В данной статье рассматриваются выводы исследования разрядов спомогательных глаголов и его роль в языке.

*Кілт сөздер:* көмекші етістік, грамматика, грамматикалық категория, лексика-грамматикалық тұлға, көмекші сөз, грамматикалық мағына, аналитикалық формант, грамматикалық қосымша, лексика-семантикалық өріс, аналитикалық етістік, морфологиялық аспекті.

Етістік сан-салалы, ауқымы кең категория және ол – лексика – семантикалық өрісі жағынан өте кең, лексика – грамматикалық тұлғаға бай сөз табы. Етістік-тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркі тіл білімінде де сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі әрі көлемдісі екені белгілі. Етістіктің көлемділігі мен күрделілігі оның лексика – грамматикалық категорияларының молдығымен, лексика – семантикалық өрісінің кеңдігімен және синтаксистік қызметінің жан – жақтылығымен де өлшене алады. Іс - әрекетті білдіретін сөз табы болғандықтан да, етістіктің жасалуы мен қалыптасуы халықтың дүниетанымымен тікелей астасып жатады.

Тілде етістіктің атқаратын қызметі ұшан-теңіз. Етістік қарым-қатынас жасаудың, сөйлемнің ұйытқысы болғандықтан грамматикалық категорияға да өте бай. Сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі болып табылатын бұл грамматикалық категорияның өзі іштей тағы да бірнеше категорияларға бөлінеді. Мәселен, сабақтылық-салттылық, болымдылық-болымсыздық, есімше, көсемше, етіс, шақ, рай, қимылдың өту сипаты т.б. Бұл категориялардың мағыналары, сондай-ақ синтаксистік қызметтері оның өзге формаларымен, кейде басқа сөз таптарына тән сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, сөйлем ішіндегі немесе сөз тіркесінің аясында байқалады. Тілге тиек болып отырған көмекші етістіктер морфология аясында біршама зерттелді. Бір ғана морфологиялық аспектінің өзі көмекші етістіктерді түрлі бағыттарда жүйелеп қарастырады. Атап айтсақ, олардың мағынасы (лексикалық, грамматикалық) және тұлғалық ерекшелігі өз алдына, сондай-ақ вид (көрініс, кейде сипат) категориясының көрсеткіші ретінде, ал кейде күрделі етістіктің екінші сыңары ретінде және аналитикалық формалармен байланысты зерттеледі. Осы тұста кейбір даулы пікірлер де туындап қалады. Көмекші етістіктерге қатысты барлық мәселе түгел шешілді дей алмаймыз, бұл тақырып ғалымдар тарапынан әр қырынан, түрлі бағытта зерттелу үстінде.

Көмекші етістіктер белгілі бір грамматикалық қосымша жалғана келіп, оның мағынасына қалыптық, шақтық мән үстеп нақтылайды. Сөйтіп көмекші етістік өзінің қимыл-әрекетті тікелей білдіретін лексика-грамматикалық мағынасынан ауытқып, дерексіз грамматикалық мағынасында қолданылады; жетекші етістікке тіркесіп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады; жетекші етістік білдіретін қимыл-әрекетті нақтылайды; алуан түрлі нәзік грамматикалық мән үстейді.

Көмекші етістік функционалды көмекшілер тобына жатады. Бірде толық мағыналы етістік қызметінде қолданылса, бірде көмекші сөз қызметінде жұмсалатын мұндай етістіктер жалпы етістік жүйесінде үлкен орын алады. Мысалы, мен орындыққа *отырдым* деген мысалдағы етістік *отырдым* не істедім? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің дербес мүшесі қызметін атқарып толық мағыналы сөз ретінде қолданылып тұрса, мен үйге (тауға) қарай жүріп отырдым деген сөйлемдегі *отырдым* етістігінде бірінші сөйлемдегідей отыру



қимылы жоқ, мұндағы негізгі қимыл *жүр* етістігінде. Отыр етістігі көсемше тұлғалы *жүр* етістігінің жетегінде келіп, *жүру* қимылының созылыққылығын білдіретіндей мән жамап тұр. Демек, көмекші етістіктер алдымен өзінің лексикалық мағынасынан айырылған, одан соң негізгі етістікпен тіркесіп бір мәнде, жеке сөз ретінде қолданылған, сөйтіп өзі тіркескен негізгі етістікке қосымша реңк мәнін үстеп, оның грамматикалық сипатын айқындап тұр.

Сонымен көмекші етістік деп өзінің лексикалық мағынасынан кейде жартылай, кейде бүтіндей айырылып, өзі тіркескен негізгі етістікке әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, негізгі етістікпен қосылып оның грамматикалық сипатын, атап айтқанда, мәнін, нәзік мағыналық реңкін, қызметін, түрленуін білдіретін етістікті айтамыз деген анықтамалар көптеген зерттеуші ғалымдар еңбегінде айтылады.

Көмекші сөз туралы әңгіме бола қалса, бірден оның не мағына жағынан олқылығы, не форма жағынан жетімсіздігі, не қызмет жағынан шалағайлығы бар екендігі туралы немесе осылардың бәрі бірдей оның басынан түгел табылатындай түсінік ойға келеді. Шындығында, көмекші етістіктердің саны аз болғанымен, тілімізде атқаратын қызметі орасан зор. Олардың көмегі арқасында, мағыналары қаншалықты олқы бола тұрса да, мағынасы толық дербес сөз арқылы білдіре алмайтын неше алуан, өте нәзік семантикалық, грамматикалық абстракты мағыналар жасалып я беріліп отырады. Мысалы, *шаршап кеттім және шаршап қалдым, итеріп жіберді және итеріп тастады, айта салдым және айта қойдым, жығылып кете жаздадым және жығылып қала жаздады* деген етістіктердің бір-бірінен ерекшеленетін нәзік реңк мәндерін тек көмекші етістіктердің жетекші етістіктерге үстейтін мағыналарынан ғана ажырата аламыз.

Көмекші етістіктер сонау көне түркі жазба ескерткіштерінен мәлім. Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов сынды ғалымдар бірлігінде жазылған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деп аталатын еңбек аталмыш ескерткіштердің тарихы мен тіліне байланысты барынша мол мәліметтер беретін бірден бір бағалы дүние. Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінде *е, бер, бол* көмекші етістіктерінің қатысуымен жасалған *атлығ ерті (атты еді), есідү берті(ести берді), йоқ болты (жоқ болды)* сияқты біршама күрделі етістіктер жайлы пікір айтады [1].

Кеңестік дәуірде көмекші етістіктерді көбіне көп күрделі етістіктер жүйесінде қарастыру елуінші жылдарға дейін созылды. Бұл кезеңдегі зерттеулерде күрделі етістік пен құранды етістікті бір бірінен ажырата алмау, аналитикалық формалы етістіктерді күрделі етістік деп қарастыру орын алды. 1963 жылы өткен түркологиялық конференция барысында аналитикалық формалы етістік пен күрделі етістік туралы біршама толымды пікірлер айтылып, бұл екеуінің ара-жігі біршама айқындалды. Түркітанушы ғалымдар арасында көмекші етістіктерді аналитикалық форманттар құрамында алғаш рет кең көлемде зерттеген ғалым А.А.Юлдашев болатын. Алғашында ол етістіктердің сөзжасам тәсіліне көбірек тоқталса, «Аналитические формы глагола в тюркских языках» деген монографиясында ғалым аналитикалық формаларға қатысты көмекші етістіктердің мағынасы мен қолдану ерекшеліктеріне талдау жасайды [2].

Көмекші етістіктердің қолданыла бастауы нақты қай дәуірде бастау алғаны анық емес. Көмекші етістіктердің қазақ тіл білімінде көп жылдар бойы зерттеліп келуіне қазақ ғалымдарының да үлесі аз болған жоқ. Мәселен, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, С.Кеңесбаев, И.Маманов, А.Ысқақов, А.Әбілқаев, И.Ұйқыбаев, Н.Оралбаева, М.Оразов, Р.Әмір, Т.Сайрамбаев, Б.Қасымова, Б.Кеншімбаева сынды ғалымдар өз үлестерін қосты.

Көмекші етістіктерді алғаш сөз еткен А.Байтұрсынұлы көмекші етістіктерді *құр көмекші, күй көмекші, е көмекші* деп бөліп түсіндірді. Мысалы, *құр көмекші* (бармақ, алмақ т.б.), *күй көмекші* (жүрмек, тұрмақ т.б.) Ғалым құр көмекші етістіктерге мынадай анықтама береді: лексикалық мағынасы бар көсемшелі негізгі етістікпен тіркескен, алғашқы мағынасынан ажырап, көмекшілік қызметке ауысқан *бармақ, алмақ, бермек, кетпек,*



*көрмек, тастамақ, қоймақ* етістіктер, - дейді де күй көмекші етістігіне амалдың қалып күйін көрсетеді деп *жұрмек, тұрмақ, отырмақ, жатпақ* етістіктерін, е көмекші етістігіне е көмекшісін атап түсіндіреді [3, 44 б.].

Профессор Құдайберген Жұбанов 1936 жылы жарық көрген «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах» деген еңбегінде қазақ тілінде бірде жетекшілік бірде көмекшілік мағына беретін, бірде негізгі ұғымда жұмсалатын етістіктерді ажырату қиындығын анықтау мақсатында ғылымға жүйелі ой тастайды. Қазақ тіліндегі күрделі етістіктер мәселесін шешу үшін ғалым сол күрделі етістік құрауға негіз болатын көмекші етістіктерді бірінші кезекте талдайды. Қ Жұбанов «түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде қимылдың жасалуы өте дәл суреттеледі, ол орыс тілінің вид категориясына ұқсайтын сияқты болып көрінеді, бірақ ол вид емес» деп жазған болатын [4, 76 б.]. Ғалым сол кездің өзінде – ақ оның көрініс категориясы емес екенін дұрыс байқаған, бірақ оның қай категория екенін дәл айтқан жоқ болатын.

Жұбановтың көмекші етістіктердің қимылдың басталуынан аяқталуына дейінгі аралықтағы іс - әрекеттің түрлі динамикалық ерекшелігі болатынын тап басып айтқан пікірі түркітануда жарты ширек ғасыр уақыттан кейін соң, ғалымдардың ұзақ кереғарлы пікірталасынан кейін ғана орнықты. Көп жылғы зерттеулер Қ. Жұбанов ескертіп кеткен орыс тіліндегі «вид» категориясымен шатастырмауға арналады. Ғалым атап көрсеткен іс - әрекет, қимыл барысындағы көмекші етістіктер үстейтін түрлі мағыналық ерекшелігі қазақ тіл білімінде қимылдың өту сипаты категориясы болып қалыптасты.

Көмекші етістіктердің грамматикалық сипатын, қолданылу аясы мен жетекші етістікке қосатын семантикалық үлесін және аналитикалық етістік құрамындағы қызметін саралап түсіндірген ғалым А.Ысқақовтың жоғары оқу орнына арналған морфология оқулығынан аналитикалық етістік, аналитикалық форма, аналитикалық формант, көмекші етістік пен аналитикалық формант, көмекші етістіктің түрлері және олардың аналитикалық етістік жасаудағы орны жайлы толық мағлұмат алуға болады [5, 240-265 б.].

Ғалым аталған еңбегінде көмекші етістіктердің табиғатын, жан-жақты қызметін талдай отырып, бұл грамматиканың әрі қызық, әрі қиын мәселесінің бірі екендігін, әсіресе аналитикалық форманттарға байланысты түйткілді мәселелер кездесетінін айтқан болатын. Автор көмекші етістіктерді қызметіне қарай толымды, толымсыз деп екіге бөліп, көмекші етістіктермен жасалған он сегіз түрлі аналитикалық форманттардың сан түрлі мағыналық ренкін ашып көрсетеді [5, 240-259 б.].

Етістікке байланысты зерттеулерде көмекші етістіктің рай,шақ және аналитикалық формалар құрамында қолданылатыны және күрделі етістік түрлерінде жұмсалатыны айтылады. Қазақ тілінде кез келген көмекші етістік негізгі етістікпен тіркесіп айтыла бермейді, сондай-ақ толық мағыналы етістіктердің де кез келгені көмекші етістік қызметін атқара алмайды. Аналитикалық форма жасайтын көмекші сөз — сөз болып саналады. Оларды жетекші етістікке байланыстыратын форма қажет. Соңғы жағдай аналитикалық форма мен көмекші етістіктерге бірдей болады. Аналитикалық етістік, аналитикалық формант мәселесін өткен ғасырдың екінші жартысында Н.Оралбаева өз зерттеулеріне арқау етті. Оның екі бірдей еңбегі осы тақырыпқа, аналитикалық формалы етістікке арналған. Сондай-ақ ғалым қазақ тілінде есім сөздердің де аналитикалық формасы бар екенін, оның әлі зерттелмей жатқанын айтады [6, 8 б.].

Етістік қимылдың қалай өткенін, оның жасалуына байланысты суреттерді, қимылдың басталуынан аяқталуына дейінгі даму сатыларын дәлме – дәл көрсетілу ерекшелігін зерттеуші жығылып қала жаздап барып қалды деген мысалдағы қимылдың әрбір даму сатысының анық көрінетіндігі, егер оны жығылмады деген етістікпен ауыстырғанды тек қимылдың нәтижесі ғана белгілі екендігі айта келе, қимылдың өту сипаты категориясында қолданылған етістіктің аналитикалық формантары іс - әрекеттің жасалу тәсілі және дамудың сатысын көрсетеді – дейді.



Қазақ тіл білімінде етістік семантикасын алғаш зерттеген ғалым М.Оразов көмекші сөздерге, соның ішінде көмекші етістіктерге арнайы тоқталып, көмекші етістікті мағынасына қарай: 1) амалдың өту сипатын білдіретін; 2) рай категориясымен байланысты қолданылатын; 3) модаль мағынасын білдіретін көмекші етістіктер деп үш топқа бөліп, және етістіктерді морфологиялық түрлену үлгісіне қарай толымды көмекші және толымсыз көмекші етістік деп қарастырады [7, 48-49 б.].

Көмекші етістіктер етістік сөздерден жасалған, оның көбі тілде өзінің дыбыстық құрамын толық сақтаған. Қазір тілде ол толық мағыналы сөздер де, олардан дамыған көмекші етістіктер де өз бетімен, әрқайсысы өз қызметінде қолданылады. Көмекші етістіктердің қазіргі білдіретін грамматикалық мағыналары да етістікке қатысты грамматикалық мағыналар. Көмекші етістіктер етістіктерше түрленеді. Профессор Н.К.Дмитриев көрсеткен көмекші сөздерге жататын көмекші етістіктің шыққан сөз табын сақтап қалуы оның шығу тегіне де, қазіргі мағынасына да, түрленуі мен қолданылу аясына да байланысты екенін көреміз [8, 228 б.] .

Түрлі тілдерде көмекші етістіктер қызметінде жүрген етістіктердің алғашқы барлық дербес мағыналы етістіктеріне ортақ нәрсе – олардың бәрі де – жалпы мағыналы етістіктер. Бұдан көмекшілік қызметке жалпы мағыналы етістіктердің ауысқаны байқалады.

Түркі туыстас тілдерде көмекші етістіктердің көбі өзі жасалған толық мағыналы сөзімен омоним дәрежесіне жеткен. Олар тұлға бірлігін сақтағанымен, мағынасын, тілде атқаратын қызметін өзгерткен, тілдің қазіргі даму сатысында бірінен-бірі әбден ажыраған, олардың тілде біреуі – лексикалық единица қызметін, екіншісі грамматикалық көрсеткіш қызметін атқарады.

Көмекші етістіктердің бәрі де шыққан толық мағыналы сөзінің дыбыстық құрамын сақтап қалған деуге болмайды. Бір топ көмекші етістіктер дыбыстық құрамын сақтамаған. Қазір олардың көбінің алғашқы толық мағыналы сөзін көрсету мүмкін емес. Сондықтан олардың тілде толық мағыналы етістіктер ішінде омонимі жоқ деп саналады. Оларға – *едік, екен, ет, емес, де, жазда* етістіктері жатады. Осы белгісіне қарап, көмекші етістіктерді 2 топқа бөліп қарауға болады: омонимі жоқ көмекші етістіктер: *ет, еді, екен, емес, де, жазда*. Омонимі бар көмекші етістіктер: *ал, бер, бел, бар, бақ, баста, бол, біл, біт, қал, қыл, қара, қой, көр, кел, кет, отыр, тұр, жат, таста, сал, түс, өт, шық, жібер, жөнел* [8, 231 б.]

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Айдаров Ғ, Құрышжанов Ә, Томанов М, Түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы. Мектеп, 1971. -98 бет.
2. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках . – Москва, 1965. -275 бет.
3. Байтұрсынов А. Тіл-құрал. Қазақ тілінің грамматикасы. – Гос.изд.КазССР 1927. -73 бет.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.-Алматы. 1966
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991 -348 бет.
6. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары - Алматы. 1975.-136 бет
7. Оразов М. Көмекші сөздер. 2-кітап. – Ташкент. 1997.-168 бет
8. Қасым Б. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 2013



ОӘЖ:54.201.44

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ШЫҒУ АРНАЛАРЫНЫҢ АНТОНИМДЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСЫ

**Абралиева Ботагөз Қалдыбекқызы**

Мирас университеті,  
Шымкент, Қазақстан

***Аннотация:** Мақалада фразалық тіркестер, фразеологизмдер мен этимология туралы айтыла отырып, тілдегі мағынасы күрделі сөз тіркестерін, бір тілдегі фразеологизм байлықтарының тұтас жиынтығын тексеретін тіл білімінің саласын білдіретіндігі, еркін антонимдік сөздермен фразеологиялық антонимдерді қалыптастыру әдісі, фразеологиялық антонимдерде, тұрақты тіркестердің басқа түрлеріндегідей, бірнеше сөздердің тіркесі тәуелсіз семантикалық бөліктерге бөлінбейді, сөйлеуде өзінің позициясын бұзбай тұтас түрде қолданылатындығы қарастырылған.*

